

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан**

**Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина**



**ҚАУІПСІЗ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ШЖМ ЖАҒДАЙЫНДА  
ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ  
БЕЗОПАСНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В УСЛОВИЯХ МКШ**

**Нур-Сұлтан 2020**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 11 маусымдағы № 5 хаттамасы).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 5 от 11 июня 2020 года).

Қауіпсіз білім беру ортасын ШЖМ жағдайында ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 160 б.

Методические рекомендации по организации безопасной образовательной среды в условиях МКШ. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 160 с.

Әдістемелік ұсынымдарда әлемдік тәжірибеде, Қазақстандық шағын жинақты мектептерде қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету тәжірибесі зерделенді. Әдістемелік ұсынымдарда ШЖМ аясында қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету, ұйымдастыру және құру, сондай-ақ ШЖМ оқушыларының қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

Ауыл мектептерінде зорлық-зомбылықтың және қауіпсіздіктің барлық түрлерін болдырмау бойынша жұмысты ұйымдастыратын шағын жинақталған мектептердің педагогтарына, білім беру ұйымдарының басшылары мен әдіскерлеріне арналған әдістемелік ұсынымдар.

В методических рекомендациях изучен опыт обеспечения безопасной образовательной среды в мировой практике, в Казахстанских малокомплектных школах. В методических рекомендациях рассмотрены вопросы обеспечения, организации и создания безопасной образовательной среды в МКШ в рамках, а так же привития навыков безопасной жизнедеятельности у учащихся МКШ.

Данные методические рекомендации для педагогов малокомплектных школ, руководителям и методистам организаций образования, которые организуют работу по предотвращению всех видов насилия и опасностей в сельских школах.

© Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020

© Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, 2020

## КІРІСПЕ

Өркениеттің, материалдық-техникалық прогрестің дамыған кезінде балалар қауіпсіздігі мәселесі өзінің маңыздылығы мен өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қалада да, ауылда да жылдың барлық мезгілінде балалар қауіпті жағдайға ұшырауда, бұл балалардың жарақаттануы мен өлімінің себебі болып табылады. Қауіпсіз білім беру ортасын педагогикалық ұжым оқу үдерісі кезінде құрады, ал сабақтан тыс уақытта балалардың қауіпсіздігіне ата-аналары мен оқушылардың өздері жауапты. Мектеп оқушыларының өмірлік тәжірибесі аз болғандықтан, олар қауіп-қатерді өз бетінше тани алмайды. Ересектердің міндеті – балалардың бос уақытын ұйымдастыру, оны пайдалы іспен толтыру, өйткені «зеріккеннен және ештеңемен айналыспағандықтан», балалар түрлі қауіпті жағдайға ұшырайды. Педагогтар қауіпсіз өмір сүру дағдыларын үйретіп, қауіп-қатерді анықтауды, өзін және айналасындағыларды құтқару үшін шешім қабылдауды үйретуі керек. Мектеп пен отбасы балалардың тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыруда басты орын алады.

*Жұмыстың өзектілігі* балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау, өмір сүрудің лайықты жағдайларын қамтамасыз ету кешенді стратегиялық шешімді талап ететін жалпы мемлекеттік міндет болып табылады. Қауіпсіздікті тәрбиелеу – ұзақ және өте жауапты үдеріс, бірақ онсыз өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тану, рухани даму сияқты дамудың басқа да түрлері мүмкін емес. Қауіпсіз тәртіпті қалыптастырудың бір жолы – мұғалімдер, ата-аналар тарапынан жасалатын шектеулер, олар кез келген жастағы балаларға қажет. Ата-аналардың міндеті – сыртына шығуға болмайтын шекараны белгілеу. Шектеу, шек қою, шарт қою – бұл ата-аналар мен педагогтардың балалардың «қауіпсіздік шеңберінде» болуына көмектесетін сыртқы бақылау.

*Зерттеу пәні* шағын жинақты мектеп жағдайында қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру үдерісі болып табылады.

*Зерттеу объектісі* – ауылдық және шағын жинақты мектеп педагогтарының, ата-аналар мен жергілікті атқарушы органдардың зорлық-зомбылықтың барлық түрлері, интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік, психологиялық қауіпсіздік және қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру мәселелерін шешу арқылы қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру жөніндегі қызметі.

*Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты* – барлық бағыттар бойынша қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру және білім алушылардың қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру бойынша педагогтарға, ауылдық және шағын жинақты мектеп әкімшілігіне әдістемелік және әдіснамалық көмек көрсету.

*Мақсатқа сәйкес келесі міндеттерді шешу көзделеді:*

1) шетелде шағын жинақты мектептердің жағдайы мен проблемалары туралы интернеттің сенімді көздерінің электрондық ресурстарына талдау жүргізіледі, проблемаларды шешу жолдары зерделенеді;

2) Қазақстанда қауіпсіз білім беру ортасын құруға талдау жүргізіледі;

3) Білім алушылардың қауіпсіз орта құру және қауіпсіз өмір сүру дағдыларын дамыту кезінде мұғалімнің пайдалануы үшін нақты әдістемелік материалдар әзірленеді.

Әдістемелік ұсынымдар нақты *мақсатты аудиторияға* – ауылдық және шағын жинақты мектептердің педагогтарына арналған.

*Әдістемелік ұсыныстардың күтілетін нәтижесі* мектеп әкімшілігінің, ауылдық шағын жинақты мектеп педагогтарының барлық бағытта қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру бойынша шаралар кешенін әзірлеуі, білім алушылардың қатысуымен жарақаттану мен жазатайым оқиғаларды, зорлық-зомбылықты азайту және қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру болып табылады, бұл білім алушылардың жазатайым оқиғаларға ұшырауы мен жарақаттанудың төмендеуіне әкеледі.

## 1 Қауіпсіз білім беру ортасын құрудың халықаралық тәжірибесі

Білім беру ортасы адамның әлеуметтік және өмірлік ортасының бөлігі болып табылады. Білім беру мекемелері – қауіпсіздік субъектілері. Білім беру ортасында тұлғаның психологиялық қауіпсіздігін зерделеудің маңызы, білім беру мекемелерінің тәрбие және оқыту, сонымен қатар даму мәселелерін шешу арқылы өскелең ұрпақтың, отбасының және ересектердің жеке қауіпсіздігін құра алатыны анықталды. Қауіпсіздік мәселесі қашаннан бар екені белгілі. Қазіргі кезде осы мәселе қатты шиеленісіп, көпшіліктің назарына ілініп отыр. Бұл еңбекте *қауіпсіз білім ортасын қамтамасыз ету, қауіпсіз білім ортасын ұйымдастыру, қауіпсіз білім ортасын құру* анықтамалары синоним яғни, мәндес сөзтіркес ретінде қолданылады. Сонымен қатар, осы сөзтіркестердің мағыналарында біраз ерекшеліктері бар. Мысалы, жергілікті атқару органдары қауіпсіз білім ортасын қамтамасыз етеді: оқушыларды мектепке және мектептен үйге жеткізу, мектеп ремонттына қаражат бөлу, материалдық базасын қамтамасыз ету, жылу режимін, ауыз су, жылы сумен, ыстық және буфеттік тамақтардырумен, бейнебақылау камераларымен қамтамасыз ету. Қауіпсіз білім ортаны ұйымдастырумен мектеп әкімшілігі педагогикалық ұжыммен бірігіп айналасады, шараларды жоспарлап жүзеге асырады. Ал сынып жетекшілер мен педагог-психологтар қауіпсіз білім ортаны оқу-тәрбие үдірісінде құрумен айналысады.

Қауіпсіздік – тұлғаны, мемлекетті және қоғамның өмірлік қызығушылықтарын сыртқы және ішкі қауіптерден қорғау. Қазіргі кезде психологиялық қауіпсіздік былай анықтайды:

адамның психикалық қалпын сақтау;

тұлға тұтастығын, әлеуметтік топтар, қоғамның бейімділігі мен адамның қызмет етуін сақтау;

тұлға мен ортаның қауіптің алдын алу және жоюдағы мүмкіндіктері;

психологиялық зорлықтан азат ортаның жағдайында жеке сенімді қарым-қатынасқа ықпал ететін қажеттіліктерді қанағаттандыратын өзара іс-әрекет және қорғау, сақтау жағдайы, сонымен бірге адамдардың ортаға қатысы барлығын және маңыздылығын құрайтын психикалық денсаулық жағдайы;

адамның ортамен әрекеттесуіндегі қалыпты қызмет етуі және тұрақты дамуы.

Балалардың қауіпсіздік жағдайы барлық мемлекеттік құжаттарда көрініс тапқан: Қазақстан Республикасының Конституциясында, ҚР Білім және ғылым министрінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» бұйрығында, барлық мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламаларында. Қолданыстағы Тұжырымдамалық құжаттарда адамның қажеттіліктеріне негізделген тәрбиеге назар аударылған. Концепцияның негізгі акценті: адамның өзін өзгертудегі ішкі механизмдеріне сүйену. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік

бағдарламасында басым міндет: балалардың қауіпсіз және жайлы өмір сүру жағдайын жақсарту [1].

Балалардың құқығы бұзылған жағдайда, өмірлік қиын жағдайда қалғанда уақытылы назар аудару жүйесі жеткілікті дамымаған, инклюзивті білім беру үшін білім мекемелерінде жағдайлардың жоқтығы балалардың қауіпсіз және жайлы өмір сүруіне қауіп тудырады [1].

ЮНИСЕФ-тің 2017 жылғы зерттеу деректері бойынша, Қазақстанда оқушылардың үштен екі бөлігі оқушылар немесе мұғалімдердің тарапынан зорлық көреді не оның куәгері болады. Жыл сайын қауіп-қатер жағдайында тұрған 7 мың кәмелет жасына жетпеген және 10 мың жағдайы төмен отбасы ішкі істер органдарының есебінде тұрады. Жылына 3 мыңнан астам бала қылмыс жасайды. 2018 жылы балаларға қатысты 2125 қылмыс жасалды, 2277 кәмелетке жетпеген балалар жәбірленген (2017 ж. салыстырғанда 5,5% - ға жоғары).

Балалар суицидінің өсуі орын алды (2018 жылы өз-өзіне қол жұмсаған балалардың саны 178 жетті, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 6,6% жоғары). 2018 жылы отбасыларға берілген 199 жетім бала қайтадан балалар үйіне қайтарылды, бұл жағдайға оларды тәрбиелеуге алған ата-аналардың дайын болмауы және асырап алушы ата-аналардың мектеп желісінің дамымағандығы себеп болды.

Балабақшалардың 20%-ы, мектептердің 60%-ы, колледждердің 30%-ы ғана инклюзивті оқу үшін жағдай жасаған. Барлығы 28,2% мектепке дейінгі жастағы балалар және 46,5% арнайы білім қажеттіліктері бар оқушылар сапалы инклюзивті оқытумен қамтылған. Инклюзивті ортадағы балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үшін мамандардың жетіспеушілігі 64% құрайды.

2018 жылдың деректері бойынша, 2535 мектепте аула дәретханалары ғана бар, 1629 мектепте суды сырттан әкеледі, 1093 мектепте ыстық тамақпен қамтылмаған, 1800 мектепте бейнекамералар қойылмаған [2].

Қауіпсіздіктің жүйелі мониторингі, жайлы жағдай мен балалардың амандығы, қиындықтарды уақытылы анықтап жедел шешім қабылдау үшін, 2018 жылы халықаралық және қазақстандық тәжірибеге негізделген көрсеткіштер жүйесі мен балалардың амандығының индексі құрастырылған. Бұл индекс барлық өмірлік маңызды салаларды, атап айтқанда материалдық жағдайын, денсаулығын, білімін, қауіпсіздігі мен әлеуметтенуін қамтиды. Жыл сайын қауіпті факторлар тізімі көбейіп келе жатқанын атап өткен жөн. Бүгін ауылдық шағын жинақты мектептің білім беру ортасы туралы айтқанда, ғимараттардың материалдық-техникалық қоры, мектеп жанындағы құрылыстар, мектебі жоқ елді мекендерден мектепке оқушыларды қауіпсіз жеткізу мәселесін көтеру, интернат жағдайында немесе «Уақытша отбасында» балалардың тұруы, психологиялық және компьютерлік қауіпсіздік мәселелері туралы айту керек. Оқушыларға қауіпсіз өмір сүру дағдыларын үйрететін мұғалімдердің еңбектерін ерекше бағалау керек.

Ақпараттық мәдениет бойынша жұмыс жүргізу қажет: өздігінше білім алып, ақпаратты қолдана алу; сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту, талдап

жіктеуге және алынған ақпаратты тиімді қолдану; зерттеушілік және жобалық жұмыс жасау дағдыларын игеру, инновацияларға қабілеттілік; дискуссия жүргізу дағдыларын дамыту; жасампаз еңбекке; командада жұмыс істеу, корпоративтік рухты нығайту; ақпарат көздерін сыни іріктеу; Ғаламтор-қоғамдастыққа қамтылу; Ғаламтордағы девиантты мінез-құлыққа қарсы шыға алу; Интернет-сауаттылықты, цифрлық және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру; ақпараттық іс-әрекетте этикалық қағидаларды; жоғары ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, балалардың ғаламтордағы қауіпсіздігі деңгейін жоғарылату.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» құжатта оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша тәрбиелік жұмысты жетілдірудің маңыздылығына байланысты мәселелер өте өзекті болып қалады делінген: оқушы денсаулығының барлық көрсеткіштерінің жүйелі төмендеуі байқалады (өнегелік, физикалық, психикалық, әлеуметтік); кәмелет жасына жетпегендердің арасындағы қылмыс жасаудың өсуі; ішімдікке салыну, темекі тарту, нашақорлық; өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының көбеюі; ерте жыныстық қатынасқа түсу; әртүрлі көзқарастағы діни сенімдердің көбеюі және т.б.. Тәрбие беру – оқушының негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасауға бағытталған мұғалімнің жұмысы: 1) шығармашылық жұмыста; 2) дені сау болуына; 3) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге; 4) құрметтеуге, қадірлеуге, қажетті әлеуметтік мәртебеде; 5) өмірдің мәніне; 6) өзін-өзі танытуға; 7) рақаттануға, ләззаттануға.

Жұмыста ауылдық және шағын жинақты мектептің қауіпсіз білім беру ортасының барлық компоненттері қарастырылады. Бірінші тараудың міндеті – оқырмандарды шетелдегі білім ортасында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешумен таныстыру, қиындықтары мен болашағын көрсету. Бірінші тарауды жазуда осы мәселені зерттеу үшін шетелге іссапармен бару көзделмегендігіне байланысты, біз ғаламтор порталының ресми сенімді дереккөздерінен алынған басылымдарды пайдаландық, дереккөздерге сілтемелер әдебиет пен ресурстар тізімінде көрсетілген.

Шағын жинақты мектептердің маңызы көбіне нақты елдің немесе оның аймақтарының демографиялық, экономикалық және саяси жағдайларымен анықталатынын мойындау керек. Шағын жинақты мектептердің (ШЖМ) бірқатар проблемалары бар. Кез келген елде ШЖМ аз ғана контингенті осы мектептердегі бейінді оқытуды қиындатады. Бүгінгі күні көптеген елдерде ауылдық ШЖМ материалдық-техникалық қорының жағдайы заманауи талаптарға сай емес.

Қазақстанның 7576 жалпы білім беретін мекемелерінің 4288 ШЖМ болып табылады, бұл жалпы көлемнің 56,5% құрайды. Ауылдық жерлерде - 4139 (68,6%) - ШЖМ. Олардың оқушылар санының аздығы мен сыныптарды біріктіру, мұғалімнің жүктемесіндегі көппәнділік сияқты өзіндік ерекшеліктері бар.

Елдегі халық санының біркелкі болмауы осы мәселенің аймақтық сипатына себеп болды.

Соңғы 15 жыл ішінде негізгі ШЖМ саны 2 есе өсті. Шамамен әрбір төртінші мұғалім ШЖМ жағдайында жұмыс істейді және әрбір алтыншы қазақстандық оқушы ШЖМ жағдайында оқиды [2].

Сонымен бірге білім беру әдістерін, оның ішінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық әзірлемелер негізінде дамытудың айтарлықтай өсуі шағын мектептер үшін маңызды. Осының барлығы шағын мектептің жаңа рөлін тұтастай анықтауға көмектесері сөзсіз және жекелеген облыстардың да, тұтастай Қазақстанның да ауыл мектептеріндегі проблемаларды шешу үшін маңызды болып табылады. Осыған байланысты шетелдегі шағын мектептердің білім беру тәжірибесі өте қызық. Шағын жинақты мектеп дегеніміз – параллель сыныптарсыз, аз оқушылар контингентімен, мұнда, әдетте, екі, үш немесе төрт сыныптың оқушылары бір сынып-комплектіге біріктірілген мектеп. Сынып-комплектімен бір мұғалім жұмыс жасайды. Мұндай мектептер көптеген елдерде, негізінен, ауылдық жерлерде жиі кездеседі. Әрбір елде мұндай мектептердің өз бағыттары бар және олар өздерінің оқу тәжірибелері мен саясатын жүзеге асырады. Мысалы, француздар бір сынып бар ауылдық мектептерді «республика идеалы» деп атайды [3]. Норвегияда шағын жинақты мектептердің жартысы біріктірілген сыныптар жүйесімен жұмыс істейді. Аустралияда оның шашыраңқы елді мекендері үшін - радио, ал Аляскада - теледидар білім беру үшін үлкен маңызға ие болды [4]. Қашықтықтан оқыту түріне көшуге мәжбүр болған Қазақстан, аталған мемлекеттерде сынақтан өткен әрі жақсы нәтиже көрсеткен тәжірибені қабылдап отыр.

### **Ресей Федерациясы**

Ауылдық шағын жинақты мектептердің мәселелері ұзақ жыл бойы көп талқыланып келеді. Статистика бойынша, Ресейде 59 мың мектептің 40 мыңға жуығы - 4 миллион оқушы оқитын ауылдық мектептер. Ауылдық мектептердің көбінде парталарда 5-10 адамнан артық отырмайды, бұл оларды қаржыландыру тұрғысынан тиімсіз етеді. Бірақ мектепсіз ауыл өмір сүре алмайды. Ауылдың еңбекке қабілетті жас мүмкіндіктері бар тұрғындарының бәрі балалары үшін мектеп бар жерге көшіп кетеді. Ресей ерекшелігін ескере отырып, ауылдық шағын жинақты мектептердегі жағдай көңіл көншітпейтін сияқты. Шағын мектептердің жабылуы, ауылдағы білім беру үшін тиімсіз, өйткені елдің көптеген аймақтарында ауылдық жерлерде орналасқан мектептердің көбі шағын. Ресейдің білім беру кеңістігінде 68,9% мектеп – ауылдық, олардың аймақтық білім беру жүйелеріндегі үлесі қалалықтарға қарағанда анағұрлым жоғары. Мысалы, Курган облысында олар – 82% құрайды, Амур облысында – 87,7%, Якутияда – 72,6%, Кострома облысында 387 селолық мектептен 325 шағын болып табылады. Калуга облысында – 338 мектептен 250 шағын, Тамбов облысында жалпы мектеп санының 68,5%-ы ауыл мектептері. Бурятия Республикасында мектептердің жалпы санының 77,7%-ын селолық мектептер құрайды, олардың 49,6%-ы ауылдық шағын жинақты мектептер, сонымен қатар жыл сайын шағын ауылдық мектептердің саны артып келеді. Ауылдық мектептер құрылымында бастауыш мектептер 18,5%, негізгі – 15,3%, орта –



66,2% құрайды. Соңғы 10 жылда республикадағы ауылдық орта мектептердегі оқушылар контингенті 69,5 мың адамға, ал мектептердің саны 91-ге азайды. Қазіргі уақытта республиканың селолық мектептері сыныптарының орташа саны шартты түрде 14 оқушыны құрайды. Осыған байланысты ауылдағы әрбір екінші бастауыш мектепті шағын жинақты деп атауға болады [3].

Бұл мәселе әсіресе республиканың солтүстік облыстарында өткір болып тұр. Мәселен, «Баунтов эвенки ауданы» білім беру жүйесі 10 муниципалдық білім беру мекемесін құрайды, олардың ішінде шалғайдағы және алыс селоларда орналасқан 6 мектеп шағын жинақты мектеп болып табылады [5].

Муниципалды білім беру жүйесінің негізгі құрылымдық бөлімшесі – материалдық, техникалық, қаржылық, адами, басқарушылық ресурстарды шоғырландыру, оқушыларда тасымалдау немесе негізгі мектептер орналасқан жерлерде уақытша тұруды ұйымдастыру арқылы сапалы білім алуға мүмкіндік беретін филиалдар желісі бар базалық (негізгі) мектеп.

Негізгі мектеп ауданішілік деңгейдегі әдістемелік және ресурстық орталыққа, сондай-ақ оның филиалына айналған барлық оқу орындары үшін инновацияларды тарату орталығына айналады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы шағын ауылдық мектепті ресейлік білім беру жүйесінің өзіндік ерекшелігі ретінде тану қажеттілігін растайды. Осыған байланысты, ауылдық жерлерде орналасқан жалпы білім беретін оқу орындарының желісін қайта құруға, орта мектептерді профиліндеуге, бұл шағын мектептердің тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретініне мемлекеттік білім беру саясатының назарын баса аудару қажет сияқты. Жан басына шаққандағы қаржыландырудың енгізілуімен білім беру желісін, кадрлар құрамын, оқу жоспарын оңтайландыруға және сағат санын қысқартуға мүмкіндік туады. Кейбір жағдайларда музыка, өнер, дене тәрбиесі сияқты пәндер біріктіріледі. Осы үдерістердің барлығы мектептердің қызметіне кері әсерін тигізеді: пән мұғалімдерінің жүктемесі төмендейді, штаттық кестесі өзгереді.

Сонымен бірге аудандағы шағын жинақты мектептердегі мұғалімдердің орташа айлық жалақысы басқа мектептердегі мұғалімдерге қарағанда біршама аз және 19 640 рубльді құрайды. Шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің жалақы деңгейі түзету коэффициенттер жүйесін қолдану арқылы сақталады. Қазіргі уақытта ауылшаруашылық қоғамдастығындағы шығармашылық, қайта құруға бағытталған ауыл мектебін бітірушілерді оқыту қажеттілігі мен студенттерді ауылшаруашылық қоғамда өмір сүруге және жұмыс істеуге дайындауға арналған мемлекеттік тапсырыстың жоқтығы арасында елеулі қайшылықтар бар. Мәселе демографиялық дағдарыстың кесірінен, ауылшаруашылық кәсіпорындарының тұрақсыз жұмысы, ауыл жастарының қалаға қоныс аударуы жағдайында ауыл мектептерінің санының қысқаруы, олардың жойылуы мен іріленуіне байланысты қиындай түсуде.

Бұл тарауда біз шағын жинақты мектептерді қаржыландыру және қауіпсіз білім беру ортасын құру проблемаларына тап болған басқа елдердің тәжірибесін баяндағымыз келеді. Әр ел бұл мәселені өздігінен шешетінін, өзіндік жолын таба алатындығын көрсету. Соңғы 3-4 жыл ішінде интернет-

ресурстардың дереккөздері арқылы қауіпсіз білім беру ортасын құру мәселесі бойынша шет елдердің тәжірибесін зерттедік. Барлық сілтемелер пайдаланылған әдебиттер тізімінде келтірілген.

Алдымен «шағын жинақты мектеп» дегеніміз не екендігі туралы айтайық – шағын жинақты мектеп дегеніміз – параллельді сыныптары жоқ, әдетте, оқушылар саны аз мектеп., мұнда, әдетте, екі, үш немесе төрт сыныптың оқушылары бір сынып-комплектіге біріктіріледі. Сынып-комплектімен бір мұғалім жұмыс істейді. Мұндай мектептер, негізінен, селолық (ауылдық) жерлерде орналасқан.

Әрбір елде мұндай мектептердің өз бағыттары бар және олар өздерінің оқу тәжірибелері мен саясатын жүзеге асырады. Мысалы, француздар бір ғана сынып бар ауылдық мектептерді «республика идеалы» деп атайды, өйткені бұл мектептерде зорлық-зомбылық көріністері жоқ. Норвегиядағы шағын жинақты мектептердің жартысы біріктірілген сыныптар жүйесімен жұмыс жасайды. Аустралияның шашыраңқы елді мекендерінде радио, ал Аляскада теледидар білім беру үшін өте маңызды. Сабақты өткізу бұқаралық ақпарат құралдарын тарту арқылы жүзеге асырылады, онда білім беру арналары бар, мектеп аудиториясы үшін мақсатты хабар таратылды.

Шағын жинақты ауыл мектептері үшін қауіпсіз білім беру ортасын құру мәселелерін шешуде жақсы көрсеткіштері бар елдердің білім беру саясатын толығырақ қарастырайық. Бірқатар шет мемлекеттерде қауіпсіз орта құру мәселелерін және қазіргі білім беру жағдайындағы шағын мектептердің рөлін зерделейік.

Көптеген жылдар бойы білім беру сапасы бойынша көшбасшы болып танылатын ел – Финляндияның білім беру жүйесінен бастағымыз келеді.

### **Финляндия.**

Финляндияда ауыл мектептерін сақтау мақсатында «Ауыл қозғалысы» ұйымы құрылған және жұмыс істейді. Атап айтқанда, Финляндияның байырғы халқы - саами тұратын аймақ Лапландияда шағын жинақты мектептер көп. Тиісінше, олардың проблемаларын өздігінше шешеді. Лапландия үкіметі шағын мектептер мен саами тілі және мәдениетін сақтауға өте мұқият қарайды. Мысалы, балаларды мектепке жүз шақырым қашықтыққа тасымалдап тұруға болады, мектеп таксиі жұмысы жақсы төленеді. Мектеп таксиінің жүргізушісі жалдамалы, ол жұмысқа жалданатын жүргізушінің физикалық және психикалық денсаулығын мұқият тексеруден өткізеді. Финляндияда, Ресей мен Қазақстанда сияқты, мектеп-интернаттар жұмыс істейді, интернаттарда негізгі мектептен алыс орналасқан елді мекендерден келген оқушылар тұрады. Ыстық тамақпен, жылумен, психологиялық тұрғыдан жайлы жағдаймен талаптарға сай қамтамасыз етілген. Лапландияда интернаттар жоқ. Балаларды тасымалдау үшін арнайы такси жалданады және муниципалитет бұл шығындарды төлейді. Лапландиядағы халық тығыздығы салыстырмалы түрде аз, елді мекендер арасында нақты шекаралар жоқ. Бұл солтүстік территорияларға тән көрініс, себебі мұнда, негізінен, бұғы шаруашылығы дамыған. Бұл Ресейдің Солтүстік және Сібірдің шалғай аймақтарына ұқсас. Сонымен қатар Лапландия губерниясындағы демографиялық жағдай да қолайлы емес. 2008 жылдың

желтоқсан айындағы мәліметтерге сәйкес, Лапландияда тек 670 оқушы болды, олар 13 шағын жинақты мектепте оқыды. Оқушылардың саны 12 адамнан аз болған жағдайда, оқытудың оңтайлы нұсқалары жасалады. Ресейдің шалғай аудандарындағы кез келген аймағының жағдайына ұқсас: кейбір пәндерді бір кабинетте бір мұғалімнің жетекшілігімен әртүрлі сынып оқушылары оқиды. Айырмашылығы - Лапландия мектебіндегі бастауыш буын, біздегідей 1-ден 4-ші сыныпқа емес, 1-6-сыныптарға дейін. Тоғызыншы сыныптан кейін оқушылардың көпшілігі кәсіптік білімді таңдайды, кейбіреуі қалауына қарай өз мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарында оқуын жалғастырады. Финляндия территориясында екі мемлекеттік тіл бар - фин және швед. Мектеп оқушылары ағылшын немесе саам тілін үйренуді таңдай алады.

Саам тілінде сөйлейтіндердің бір-бірін түсіне алмайтын саам тілінің үш түрі бар. Үкімет деңгейінде саам тілінің барлық үш түрін сақтау үшін барлық мүмкіндіктер жасалуда. Бағдарламалары тілдік ұя принципі бойынша жасалған балабақшалар бар. Финляндияда көп жылдар бойы «Елші/ саяхатшы мұғалім» тәжірибесі бар, ол оқушыларды оқытуда бір елді мекеннен екіншісіне көшіп отырады. Ауыл мұғалімінің жалақысы қалалық мектеп мұғалімінен 3 есе жоғары. Осылайша, Финляндияның ауылдық шағын жинақты мектептерінің білім алушыларына сапалы білім беруге қол жеткізу мәселесі шешілуде. Финляндияда мектептері білім деңгейі бойынша әлемдегі ең үздіктердің бірі саналады. Халықтың тығыздығының төмендігі және елді мекендердің алыс орналасуының салдарынан шағын жинақты мектептер өте көп. 2018 жылы бұл ел оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша PISA халықаралық бағдарлама рейтингінде бірінші орынға ие болды.

Финдік ауыл мектептері таң қалдырады: баланы мектепке апаратын және үйге алып қайтатын такси тегін, үй тапсырмасы шағын және тәртіп еркін: балалар мектепке ыңғайлы киім киеді, екінші аяқ киім ауыстырудың орнына носкимен жүре алады, ал мұғалімдер сабақты еденде немесе партада отырып жүргізе алады, барлық қауіпсіздік талаптарын сақтауға және қауіпсіз өмір сүру дағдыларын дамытуға үлкен көңіл бөлінеді. Мектепте ата-аналардан «ақша жинау» деген мүлдем жоқ.

Финдік мектептегі білім берудің басты қағидаларының бірі – тең мүмкіндіктер қағидаты. Баланы оқыту оның отбасының әлеуметтік мәртебесі мен материалдық мүмкіндіктеріне байланысты болмауы тиіс. Мектеп қай жерде және оларда қанша оқушы бар екеніне қарамастан, барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етіледі. Оқыту деңгейі шамамен бірдей, мектептер күшті және әлсіз болып бөлінбейді. Бірінші сынып оқушыларының ата-аналары баланы қайда беретінін білмеген жағдайда балаларды тұрғылықты жері бойынша оқу орындарына бөлген. Ал қазір таңдау құқығы бар, бірақ оны аз адам ғана пайдаланады.

Скандинавия халқы Еуропаға қарағанда тезірек қартайды. Ауылда бұл әлі де байқалады: жастар қалаға оқуға кетеді, бірақ қайта оралмайды. Тұрғындарының орта жасы 60 жастан асқан ауылдар аз емес. Мұндай жерлердегі мектептер мен ауруханалар жабылады, себебі өкімет оларды қамтамасыз ете алмайды. Одан кейін мектеп жасындағы балалары бар

отбасылар да кетеді. Бұл үдеріс 90-шы жылдары басталды және мәселенің шешім әлі табылған жоқ. Осындай үрдіс көршілес Норвегия мен Швецияда да сақталып отыр.

### **Германия.**

Мұғалімдердің тапшылығына байланысты зейнеткерлер мен студенттерді жұмысқа алады. Неміс мектептерінің, оның ішінде ауылдық жерлердегі мектептердің басты проблемасы бірнеше жылдан бері оқушылардың емес, мұғалімдердің жетіспеушілігі болып табылады. 2018/2019 оқу жылы басталар алдында Германия мұғалімдері қауымдастығы еліміздің мектептеріне 40 мың педагог жетіспейді деп мәлімдеді. Оған бала туудың өсуі мен босқындардың келуі, сондай-ақ аға буын мұғалімдердің зейнеткерлікке шығуы себеп болды. Жалақысы елдегі орташа жалақыдан жоғары болғанына қарамастан, педагог мамандығы беделді.

Кадр тапшылығынан мұғалімдерге жалақы аз төлейтін оқу орындары зардап шегеді, бірінші кезекте оларға ауылдық және бастауыш мектептер жатады. Педагогтар қызмет уақытынан тыс жұмыс істейді, уақытынан бұрын демалыстан шығып, бірден екі мектепте сабақ беру үшін уақытша келісім-шарттар жасасады. Мекемедегі бос жұмыс орындарын жабу үшін басшылық штатқа зейнеткерлер мен студенттерді қабылдайды, бірақ бұл жағдай мәселені түпкілікті шешпейді.

Жергілікті өкімет мәселені шешу жолдарын іздейді. Саксонияда болашақ педагогтарды ауылдық жерде жұмыс істеуге ынталдандыру, қызықтыру жұмыстарын жүргізеді, Саксония-Анхальт деген жерде тым ұзақ уақыт бос тұрған жұмыс орындары үшін қосымша ақы төледі. Төменгі Саксонияда педагогтарға жалақы қосады, ал Баден-Вюртембергте бастауыш мектепте сабақ беруге жоғары сыныптардың жас мұғалімдерін шақырады.

Бұған қарамастан, болжамдар ақталмайды. Сарапшылар тек бос орындарға педагогтарды табу жеткіліксіз деп санайды: оқушылар саны мен мұғалімдердің қажеттілігі одан әрі де өседі.

Мұндай жағдайда заң бойынша оқушылары аз болған мектепті сақтау қалу өте қиын, олар жабылып қалуы мүмкін. 2019 жылы жазда, жаңа оқу жылы қарсаңында Рейнланд-Пфальц жерінде арнайы инспекция 40 шағын бастауыш мектепті тексерді (барлығы мыңға жуық). Олардың үшеуі оқушы жетпіспеуіне байланысты жабылды [4].

1. Ресейде ауыл мектептерінің 79% -ы меншік құқығында жер иеленеді, оны өңдейді, көпшілігі егіннен фермерлер де артық өнім алады, осылайша өздерін азық-түлікпен қамтамасыз етеді.

2. Мұғалімдердің әр оқушының жеке ерекшеліктері мен өмір сүру жағдайларын терең білуі, табиғатпен жақындығы, еңбек тәрбиесі үшін қолайлы жағдайлар - оқу-тәрбие үдерісін жоғары деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

3. Жалпы ауыл мектебін, балабақша мен мәдениет үйін ауылдың мәдени өмірінің бірыңғай орталығы ретінде қарастыруға болады. Ауылдық жерлерде орналасқан Томск облысының инновациялық мектептерінің басшылары

өкілдерінің пікірі бойынша, мектептің рөлі жалпы өңірді дамытудағы ең басты мәселелердің бірі. Мектеп бар жерде өмір де бар.

Осылайша, шағын жинақты мектептерден практикаға бағытталған жастар шығарылады деп айтуға болады, алайда өз қабілеттері мен іскерліктерін тиісті деңгейде қолданбайтын жастар да бар.

### **Украина.**

Украинадағы демографиялық жағдай Ресейге ұқсас, демек, шағын жинақты мектептермен жұмыс істеудің ұқсас Білім беру саясаты жұмыс істейді. Мектептердің үштен екісін жабу туралы шешім қабылданды. Украина Білім және ғылым министрлігінің мәліметтері бойынша, 2001 жылдан бастап Украинада 951 мектеп жабылды, оның ішінде 740 ауылдық мектеп (барлық жабылған мектептердің 78%-ы ауылдық) [5]. 2000 жылдан бастап ауылдық жерлерде жалпы білім беретін оқу орындарында оқитын оқушылар саны 555,3 мың (25,6%-ға) азайды. 2001 жылдан бастап ауылдық жерлерде «Мектеп автобусы» бағдарламасын кең ауқымды түрде іске асыруды бастайды.

Алайда Сумск облысында басталған бұл бағдарлама облыстағы мектептердің жалпы санының 77%-ы (54 шағын жинақты) жұмыс істеп тұрған кезде ескі автобус паркінің, ауыл мектептерінің тұрақты қысқаруы себебінен іске асырылмаған еді [6].

2005 жылы Украинада 70 мектеп жабылды, онда 2 мыңға жуық бала оқыды және 40 мектеп салынды, онда 12 мың бала оқиды [6]. 2006 жылдан бастап Украинадағы шағын жинақты мектептер ата-аналардың келісімімен ғана жабыла бастады. Шағын жинақты мектепті жабудың орнына 1-5 сыныптардағы барлық пәндерді бір мұғалім екі есе ақы төлегені үшін оқытып-үйрететін оқыту формалары пысықталды. 2006 жылдан 2008 жылға дейін Украина облыстарында жалпы білім беретін мекемелер желісін оңтайландыру жалғасуда - Полтава облысындағы, Луганск, Харьков және Украинаның басқа да облыстарындағы шағын жинақты мектептердің ондаған саны қысқарды. Киев облысында мәселесі өзгеше. Мұнда ауыл мектептерін сақтауға бағытталған мемлекеттік облыстық әкімшіліктің ұстанымы басым болды. Барлық жерде шағын жинақты мектептер қаржыландыру бойынша проблемалы», бір оқушыны оқытудың өзіндік құны нормативтерден 5-6 есе артық екені атап өтілді. Көбінесе бұл, Ресей аймақтарындағы сияқты, мектептердің жобалық мүмкіндігі өте үлкен, ал толымдылығы аз. Мұндай мектепті қаржымен қамтамасыз ету мемлекетке қымбатқа түседі.

Мектептер «жергілікті кеңестердің шешімі бойынша және дауыс берудің нәтижесі бойынша» ауылдардың аймақтық қауымдарының келісімімен жабылды. Осылайша, қазіргі уақытта Украинадағы әрбір бесінші мектеп 40-50 адамнан аспайтын шағын жинақты мектеп болып табылады. Шағын жинақты мектептерді сақтауға бағытталған Украинаның Білім беру және саяси қауымдастығының жалпыланған бастамасы назар аударуды талап етеді және біздің өңірлік білім беруіміз үшін үлкен қызығушылық тудырады. Қазіргі уақытта Украинада Ресей заңнамалық және білім беру актілерінен ерекшеленетін талаптар ұсынылды:

1) ауылдық жердегі сыныптағы толықтыру нормативін үш оқушыға дейін азайту (бүгінгі күні сыныптағы балалар саны бестен кем болмауы тиіс);

2) сыныпта 16 оқушы болған жағдайда жеке пәндерді оқу кезінде топтарға бөлу енгізілсін;

3) педагогикалық сағаттар санын ауылдық мұғалім алатын ставкаға түзету;

4) жергілікті жердің ерекшелігін және елді мекендегі демографиялық жағдайды ескере отырып, оқушылар саны аз I дәрежелі «мектеп-отбасы» жалпы білім беру мекемелерін құруға құқылы. Бұл инновация кіші мектеп жасындағы балалар үшін сапалы білім беруді қамтамасыз етуі тиіс. Жоба апробация сатысында. Ауыл мектептерін қамтамасыз етудің жаңа нормативтері мен ауылдық мектептерде типтік штат кестелерін енгізу де осыған ұқсас бастама болып табылады.

### **Франция.**

Ата-аналар мен мұғалімдер ауылдық мектептердегі сыныптардың жабылуына қарсы наразылық білдіруде. Франциядағы ереуілдер мен наразылық акцияларына себеп болған президент Эммануэль Макронның тұрақты емес реформалары мектеп білімі де әсер етті. Бұл саладағы жаңалықтардың бір бөлігі зиянсыз, бірақ олардың дәлдігі мен жүйесіздігі үшін сынайды (мысалы, оқушыларға мектепте ұялы телефондарды пайдалануға тыйым салды). Ал нашар қалалық мектеп сыныптарындағы оқушылардың санын он екі адамға дейін азайту туралы шешім ауылдық мектептер үшін қауіпті, олардың есебінен жаңа шағын сыныптарды мұғалімдермен қамтамасыз етеді.

Бұл тұтас мектептерді емес, сыныптарды (сондай-ақ балабақшалар топтарын) жабу туралы. Егер 2017 жылы Эммануэль Макрон бұлай болмайды деп уәде берген болса, бір жылдан кейін білім министрі Жан-Мишель Бланкер оқу жылы ішінде 200-300 сынып жабылғанын мойындады.

Бұл білім сапасына әсер етпей қоймайды. Ата-аналар мен мұғалімдер наразылық акцияларымен билік назарын аударуға тырысады. Бірақ бейбіт сипатта: пикеттер құрып, шенеуніктермен қарым-қатынас жасауға тырысады. Одан басқа да жолдар бар. Экердрвилль коммунасының тұрғындары қарапайым жылжымайтын мүлік объектісі ретінде сипатталған мектептің сатылуы туралы әзіл хабарландыруды танымал порталда жариялады. Ал Рош-ле-Бопре коммунасында мектепті балалар аукционында «сатты».

Наразылықтарға қарамастан, реформалар жалғасуда. Алдағы оқу жылында үкімет бастауыш мектептегі төменгі сыныптардың санын көбейтуді уәде етеді. Жаңашылдық бірінші және екінші сынып оқушыларының 15-20%-на қатысты. Егер өзгерістер белгіленген қарқынмен жүрсе, Францияда алдағы үш жыл бойы бастауыш буында 3-4 мың жаңа мұғалім қажет болады. Баспасөз мәслихатында сәуір айының соңында Эммануэль Макрон ауыл мектептері жергілікті биліктің келісімінсіз жабылмайтындығына уәде берді. Бірақ бұл мәлімдеме ешкімді қанағаттандырмады. Австралия мен Швецияның мектептерінде кластерлік механизм қолданылады: ірі мектептер хаб ретінде

қызмет етеді, ал ШЖМ «жеткізушілер» немесе «серіктер» болып табылады. ШЖМ оқушылары белгіленген кесте бойынша үлкен мектептерге дейін көлікпен қамтамасыз етіледі. Нысандарды бірлесіп пайдалану ШЖМ оқушыларына кеңейтілген бағдарлама бойынша оқуға мүмкіндік береді.

Канада және Австралия сияқты бірқатар елдерде ауылдық жерлерде қашықтықтан оқыту кеңінен қолданылады. ШЖМ оқушылары веб-сабақтарға қатыса алады, бұл ретте мұғалімнің функциясы үдерісті ұйымдастыру мен қолдаудан тұрады. <https://vlast.kz/obsshestvo/31691-ostavit-nelza-zakryt-est-li-budusee-u-malokomplektnyh-skol.html>

### **Польша.**

Польшаның ауылдық мектептері көп жағынан мемлекет назарынан тыс қалған. Фактілерге сүйенсек:

- техникалық базаның нашарлығы және көптеген ауыл мектептерінде ұзақ жылдар бойы жөндеудің болмауы, жылу режимінің бұзылуы;

- ауыл мұғалімдері үшін біліктілігін арттырудың, кәсіби жетілдірудің арнайы нысандары және тиісті әдістемелік материалдың жоқтығы;

- мектептер қандай да бір сабақтан тыс қызметті жүзеге асырмайды (көбінесе оқушылар оқу орнынан алыста тұрады, сондықтан ата-аналары жүктеменің ұлғаюына келіспейтінімен түсіндіріледі), осылайша, Польшаның ауылдық мектептерінің білім алушылары сапалы қосымша білім алуға қол жеткізе алмайды деп айтуға болады.;

- шет тілдерін үйрену үшін мүмкіндіктер айтарлықтай аз, атап айтқанда даярланған кадрлардың болмауы (ауылдық мектептерде балаларды көбінесе орыс тілінде оқытады, ал қалаларда ағылшын тілі басым);

- техникалық оқыту және информатика жеткіліксіз жоғары деңгейде оқытылады («Әрбір гминадағы Интернет» 1 немесе «Интер-кл@сс» сияқты орталық бағдарламалар жағдайды біршама жақсартады, алайда Польша әзірге басқа еуропалық елдермен салыстырғанда тиімсіз жағдайда, атап айтқанда, елде бір компьютерді пайдаланатын оқушылар саны бойынша). Польшада Интернет қауіпсіздігі, шалғай елді мекендердің білім алушыларын мектепке және үйге қауіпсіз тасымалдау мәселесі шешілмеген;

- жалпы техникалық білім берудің қазіргі моделі көптеген ауылдық мектептерге енгізілген жоқ, алайда ол білім берудің көптеген салаларында кемшіліктерді түзе алар еді [3].

Польша мен Ресейдің ауыл мектептерінде оқу деңгейін арттырудағы мемлекеттің басты рөлі туралы ұқсас түсінік бар. Көпшіліктің пікірінше, ең алдымен, ауылдық оқытуға елеулі инвестициялар қажет. Кәсіптік мектептерге жіберілетін ауыл жастарының ағынын арттыру қажет, ал ол үшін ауылдық мектептерде берілетін бастауыш білім берудің деңгейі мен сапасын арттыру

қажет. Польшаның білім беру жүйесінде ресейлік бастамаларға ұқсас болып келетін бастамалар:

1. «Кішкентай, қымбат және әлсіз мектептерді жою» қағидаты Ресей мен Польшада тең дәрежеде әрекет етеді, бірақ қазіргі уақытта да мұнда да бірінші кезекте саналмайды. Келешегі жоқ мектептер бар, заманауи оқыту құралдарымен жабдықтап, көмек көрсетсе олар өз миссиясын орындай алатын мектептер де бар.

2. Польшада білім беруді қаржыландыру және басқару органдарына бөлімшелер саны мен оқушылар санына байланысты ставкалардың белгілі бір нормаларын белгілеу ұсынылады. Ресейде жан басына қаржыландыру тәжірибесі эксперимент кезеңінен өтіп, көптеген аймақтарға тарады, бұл ретте елеулі проблемалар туындады.

3. Польшада 2020 жылдан бастап біріккен сыныптар жүйесінде жұмыс істеу үшін арнайы мұғалімдер даярлау ұсынылды. Ол үшін Польша Республикасы Ұлттық білім министрлігінің арнайы қаулысы шығарылды. Алайда бұл бірде-бір оқу орнында жүзеге асырылмайды; мұндай оқыту дипломнан кейінгі курстардың бағдарламаларында да жоқ. Біріккен сыныптар жүйесінде және Ресейлік оқу орындарында жұмыс істеу үшін мұғалімдерді даярлау тәжірибесі нашар, алайда әртүрлі жастағы білім берудің осындай әдістемелерін әзірлеу жүргізілуде.

4. Ресей мен Польшада ауыл мұғалімдерін даярлаудың маңызды элементі екі мамандық бойынша оқыту болуы мүмкін деп есептейді. Мәдениеті артта қалған өңірлерде мұндай мамандар оқыту сапасын арттырар еді. Алайда Ресейде жоғары кәсіби педагогикалық білім беру стандарттарында екі мамандық жойылған. Ауыл мектептерінің мұғалімдерін қайта даярлау жүйесінде осы бағытта шығындар қажет болуы мүмкін. Қазақстанда 17 жоғары оқу орны лицензияланған және аралас мамандықтар бойынша мамандар даярлайды, 2019 жылы 208 жас маман диплом алды және екі оқу пәнін оқыту құқығына ие.

5. Екі елде де қашықтан оқыту үшін жаңа қосалқы технологияларды таратуда теледидар желісі, радио және ең алдымен интернетті кеңінен пайдалану ұсынылады. Қазақстан Республикасы 2020 жылдың 4-тоқсанында 1-11 сынып оқушыларын қашықтықтан оқытуға көшті және оқыту «Балапан», «Ел арна» республикалық арналары арқылы жүзеге асырыла бастады. Сонымен қатар бақылауды мектеп мұғалімдері тікелей жүзеге асырды, орындалған тапсырманың көлемі тексерілді, кері байланыс жүзеге асырылды.

6. Тұтастай алғанда, екі елде реформаларда көзделген тиімділігін бағалаудың жаңа жүйелері негізінде шағын жинақты мектептердің қызметін жетілдіруге назар аудару ұсынылады. Атап айтқанда, Ресейде инновациялық



мектептер қолдау табуда, олардың ішінде ауыл мектептерінің шағын жинақты мектептері бар. Мысалы, Томск облысында қала және ауылдық мектептер арасындағы инновациялық мектептерді қолдауға квота ауыл мектептеріне көбірек бөлінген. Ұсынылып отырған шешімдерде Польша мен Ресейдегі шағын жинақты мектеп проблемаларының ұсынылған шешімдері арасында ерекшеліктер бар. Польшада қолөнер және техникалық училищелерді дамытуға ерекше көңіл бөлінгендіктен, бұл білім беру деңгейі үшін ауылдық жерлерде оқушыларды дайындауға қойылатын талаптарға да әсер етеді. Осылайша, Польшада келесі ұсынылады:

1. 6 жылдық бастауыш мектеп базасында, оның ішінде ауыл жастары үшін 3 жылдық оқыту циклі бар гимназиялар, яғни мектептер желісін құру. Бұл оқитын жастар үшін оқудың одан әрі жолын таңдау мүмкіндігін бір жылға ұзартар еді, ал білім беру мекемелеріне жаңа оқу бағдарламаларын іске асыруға және дидактикалық, тәрбиелік, қамқорлық функцияларын орындауға мүмкіндік берер еді. Бұл ұсынысты іске асыру оңай емес: ол ауылдық мектептерге жоғары білікті мұғалімдердің келуін, сыныптан тыс сабақтарды ұйымдастыруды, сабақ кезінде және одан кейін мектептің негізгі қызметі ретінде тәрбие жұмысының қалыптасуын және мектеп асханаларында тиісті тамақтануды ұйымдастыруды талап етеді. Білім алушыларды мектепке және тұрғылықты жеріне тегін қауіпсіз жеткізуді қамтамасыз ету үшін автобус паркі жаңартылуы қажет.

2. Кадр мәселесін шешу және білім алушылардың қауіпсіздігін сақтау үшін «саяхатшы мұғалім» тұжырымдамасын жүзеге асыру ұсынылады. Ресейдің бірнеше өңірінде «Мобильді мұғалім» жобасы жүзеге асырылуда. Жобада қалалық мұғалім қызметтік машинамен аптасына бірнеше рет ауыл мектептеріне барады, онда, негізінен, ағылшын тілі оқытады. Бұған автожолдардың сирек және жеткіліксіз сапалы желісі кедергі болып тұр. Кейбір сабақтардан тұрақты педагогтарға көмектесетін кәсіби мұғалімнің жұмысын ұйымдастыру қарастырылуда. Мұндай тәжірибе АҚШ-тағы шағын ауылдық мектептерде бұрыннан қолданылып келеді. Бұл тұжырымдама 2020-2025 жылдарға арналған "мобильді мұғалім" қазақстандық жобасына ұқсас. Аталған жоба білім алушылардың қауіпсіздігі, сапалы білім алу және пән мұғалімдерінің жетіспеушілігі мәселесін шешеді.

<https://activityedu.ru/Blogs/international/selskie-shkoly-v-razvityh-stranah-tozhe-zakryvayutsya-no-ne-vezde/>

«Ауыл мектептерінің даму болашағы» атты мақалада жарияланған Нұр-Сұлтан қаласының ақпараттық-талдау орталығы дайындаған материалды келтіреміз.

Шағын жинақты мектептердің проблемасы АҚШ-та кездеседі, ондағы ауыл мектептерінің мұғалімдері де бірнеше пән оқыта алады. Толық

жиынтықты ауылдық мектептердің базасында ШЖМ қолдау үшін ресурстық орталықтар (тірек мектептер) құрылады. ШЖМ бұл ауылдық мектептердің деңгейін төмендетпе ме деген сұрақ туындайды. Шағын жинақты мектептер ауыл мектептерінің жартысын құрайтынын ұмытпаған жөн. ШЖМ проблемасын шешетін болсақ, ауылдық және қалалық мектептер арасындағы үлгерімнің алшақтық жартылай ғана қысқарады. ШЖМ-ны негізгі және бастауыш мектептер деңгейінде жабу немесе шоғырландыру кезінде толық жиынтықты ауылдық мектептердің әлеуетін күшейту қажет. Сессиялық кезеңде шағын жинақты мектептердің білім алушылары ресурстық орталықтарға келген кезде ресурстық орталық педагогтарының еңбекақысын төлеу мәселесі шешілмеген.

Шанхайда (Қытай)[7], керісінше, қала мектептері ауыл мектептерін қолдайды. Қытайда әзірленген бағдарлама педагогикалық кадрлардың, қаржылық және материалдық-техникалық ресурстардың аймақтық алмасуына; менеджмент пен тиімділікті жақсартуға; білім беру сапасын арттыруға бағытталған. Қазақстанда қалалық күшті мектептердің қамқорлығын жүзеге асыру арқылы нәтижелілігі төмен ауыл мектептерін қолдау бойынша белсенді қозғалыс басталды.

АҚШ пен Австралияда ауыл мектептерін қолдау үшін арнайы гранттар (10-нан 60 мың АҚШ долларына дейін) жұмыс істейді. АҚШ). Канадада 20 жыл бойы ауылдық білім беру конгресі өткізіліп келеді, онда оқытудың үздік тәжірибелері, мектепті басқару мәселелері, жергілікті қоғамның өзара байланысы, қаржы және т.б. талқыланады.

### **Америка Құрама Штаттары.**

АҚШ-тағы ауыл білімінің басты мәселесі – ресурстардың жетіспеушілігі. Мемлекеттік мектептерді қаржыландыру үш құрамдас бөліктен құралады: жергілікті бюджет, штат бюджеті және аз дәрежеде федералдық қаражат. Жергілікті деңгейде қаржыландырудың басты көзі – жылжымайтын мүлік салығы. Қаржыландыру көлеміне баға деңгейі тікелей әсер етеді және беделі төмен аудандарда мектепке қаражат аз бөлінеді.

Бұл ретте мемлекеттік деңгейде ауылдық және қалалық мектептер арасында қаржылық қолдау біркелкі көрсетілмейді. The Rural School and Community Trust деректері бойынша, ауылдық білім беру мәселелерімен айналысатын қоғамдық ұйым 2017 жылы қаржылық көмектің жалпы көлемінің тек 17%-ын ғана ауыл мектептеріне жіберді, алайда елдегі осындай мектептердің үлесі 25%-дан артық.

Нәтижесінде оқушылар ескі оқулықтармен оқиды, ал мұғалімдерге материалды толықтыру үшін көп күш жұмсауға тура келеді. Жағдайды ауылдық жердің тағы бір ерекшелігі қиындатады: кең жолақты немесе жоғары

жылдамдықты интернеттің болмауы. Ауылдық жерлерде оған халықтың шамамен үштен бірі, яғни 19 миллионға жуық адам қол жеткізе алмайды (өткен жылдың соңында Microsoft компаниясының президенті бұл жағдайды шұғыл ұлттық мәселе деп атады).

Ауылдық мектептерде мұғалімдердің еңбекақысы қалалық мектептерге қарағанда төмен, ал жүктемесі олардан көп: педагогтарға кейде бірнеше пән жүргізуге тура келеді, ал бос уақытында іс-шараларды ұйымдастырумен шұғылдануға тура келеді. Мұндай мектептерде мұғалімдер жетіспейді – бұл себебі де, салдары да. Сонымен қатар қаладан көшіп келгендер жергілікті ерекшелікке бейімделіп, ата-аналарының фермасында жұмыс істеу күнделікті сабаққа қатысудан маңызды болуы мүмкін оқушылармен ортақ тіл табысу қиынға соғады.

Бірінші кезекте мұндай жағдай дарынды балаларға әсер етеді. Оларда қаладағы құрдастарында бар мүмкіндіктер жоқ. Ауылдық мектептердегі үлгерім нашар, жоғары оқу орындарына түсушілердің пайыздық көрсеткіші төмен.

Бірақ мұндай жағдайда да билік шағын мектептерді сақтап қалуға тырысады. АҚШ-тың кейбір аудандарында әлі күнге дейін бір бөлмелі мектептер (one-room school) бар, онда әр жастағы балалар бірге оқиды, барлығы бір бөлмеде. Мұндай мектептер Еуропа мен АҚШ-та он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында және жиырмасыншы ғасырдың басында таралған, бірақ қазіргі таңда кейбір жерлерде жұмыс істейді. Әдетте, бір бөлмелі мектепте тек бастауыш білім алуға болады.

АҚШ-тың ауылдық мектептері көбінесе ресейлік және қазақстандық мектептерге ұқсас. АҚШ – ауыл мектебі әлеуметтік-мәдени орталығы болып табылатын аграрлық елді мекендері бар үлкен ел. Қазақстан, Ресей және АҚШ-тағы ауыл білімінің мәселелері ұқсас. Алайда қабылданатын шешімдері әртүрлі болып келеді.

Білім беру саласындағы американдық саясаттың ерекшелігі қазіргі уақытта АҚШ-та әрбір шағын ауыл мектебін сақтауға тырысады, ол үшін қауіпсіз тасымалдау қамтамасыз етіледі, автобус паркі жаңа жайлы автобустармен жабдықталған. Егер округте оқушылар саны аз болса, онда бір бөлмелі мектептер құрылады. Бір бөлмелі американдық мектеп еліміздің кез келген тұрғыны аз аймағындағы ауыл мектебін еске салады. Себебі бір мұғалім әр жастағы балалармен бір уақытта бірнеше пән оқытады. Әр бала жеке бағдарлама бойынша оқиды. Америкадағы осындай мектептердің басты айырмашылығы – мұғалімдерді материалдық көтермелеу. «Шағын жинақты мектеп» педагогының жалақысы қалалық әріптесінен екі есе көп.

АҚШ-та үлкен мектептерді шағын мектептерге қайта құру бағдарламасы іске қосылды, американдықтар жасөспірімдер агрессиясын, буллинг, кибербуллинг толқынын жеңуге тырысады. Америкалықтардың өздері мектепті қауіпсіз орын деп санамайды, мектепте балалар әлеуметтік құбылыстарға үйренеді, сондықтан көптеген ата-аналар өз балаларын кішкентай мектептерде оқытуға тырысады.

Қорытындылайтын болсақ, әртүрлі елдердің қазіргі білім беру жағдайындағы шағын жинақты мектептердің мәселелері мен рөлі бір-бірінен ерекшеленеді. Әрбір ел қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету мәселелерінде де, қаржыландыру, кадрлық қамтамасыз ету, білім алушыларды тасымалдауды жүзеге асыру, ауыз сумен, ыстық немесе буфеттік тамақпен қамтамасыз ету, сапалы білім алуға қол жеткізу саласында да шағын жинақты мектептердің проблемаларын шешу жолдарын іздестіреді. Әрбір елдің өзінің шағын мектептерді сақтау принциптері мен білім беру тәжірибелері бар. Бұл үлкен мәселеге жатады. Осындай білім беру мекемелерінің өміршеңдігіне әсер ететін, ең алдымен, нақты елді мекендегі демографиялық жағдай нашарламайтын жағдайда, ауылда белсенді жұмыс істейтін әлеуметтік институттардың рөлі маңызды болып табылады. Бұл жағдайда шағын жинақты мектепті сақтау басқа елдердің тәжірибесі көрсеткендей айқын басымдылыққа ие және қауіпсіз білім беру ортасын құру, шағын жинақты мектептердің дидактикалық базасына сәйкес білім беру технологиялары мен оқыту әдістемелерін пайдалану тұжырымдамасын жаңаша анықтауға мүмкіндік береді, бұл Қазақстан үшін өзекті. Шет елдердің проблемалары мен перспективаларын зерделеу шағын жинақты мектептердің проблемалары көп жағдайда ұқсас екендігіне көз жеткізуге мүмкіндік берді. Шағын жинақты мектептерде қауіпсіз білім беру ортасын құру мәселелері ұқсас та, бірақ оларды шешу тәсілдері, жолдары әртүрлі. Мысалы, «саяхатшы мұғалім» немесе бірлескен сыныптарда сабақ беретін ауыл мұғаліміне үлкен жалақы төлеу тәжірибесін пайдалануға болады, ал білім алушыларды алыс елді мекендерден мектепке тегін жеткізу, сондай-ақ алыс мектептерден білім алушыларға сабақ беру үшін республикалық теледидар мен радио тарту мәселесін егжей-тегжейлі зерттеу қажет. Сонымен қатар біз шетелдік дереккөздерден білім алушыларға қауіпсіз өмір сүру дағдыларын үйрету мәселелері бойынша материалдар кездестіре алмадық.

## **2 ШЖМ-да қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету: қазіргі жағдайы және болашағы**

Шалғайдағы ауылдардан және басқа да ауылдардан шыққан балалардың білім алуына қол жеткізу қолжетімділігі қиын елді мекендер. Білім беру ұйымдары жоқ елді мекендер саны әлі де көп: 2016-2017 оқу жылында олардың саны 1539 құрады. Мұндай елді мекендерде тұратын балалардың 84,1%-ы (2016 жылы 22 788 адам) мектеп автобустарын күнделікті падаланған, 13,6%-ы интернаттарда тұрған, 223 2,2% туысқандарының үйінде тұрған. Балаларды мектепке жеткізуді ұйымдастыру үшін 768 автобус пайдаланылған [2].

Қауіпсіз білім беру ортасы – оқу-тәрбие үдерісінің психологиялық және педагогикалық қауіпсіздік жүйесі. Тарауда қауіпсіз білім беру ортасының құрамдас бөліктері және Қазақстан Республикасындағы ауылдық шағын жинақты мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктері сипатталады.

Рефлексия. Оқушылар өздерінің көңіл күйлерін және сабақты түсінгендіктерін бағдаршам арқылы көрсетеді.

### Бағдаршам әдісі бойынша бағалау



**Қызыл – мен ештеңе түсінбедім**

**Сары – маған әлі де түсініксіздеу**




**Жасыл – маған бәрі түсінікті**








Алматы облысы Жамбыл ауданы  
Шилібастау орта мектебі  
Шилібастау О.М.  
бастауыш сынып мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 5-бөлім «Өнер» Мерзімі: 3-тоқсан Сынып: 3	<b>Мектеп: Шилібастау ОМ</b> <b>Мұғалім: Сейсенбаева Р.Е.</b> Қатысқандар: Қатыспағандар саны:
<b>Сабақ тақырыбы</b>	<b>Менің қауіпсіздігім</b>
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	3.1.4.1 Тұрмыстық құралдарды қолдану ережелерін графикалық түрде елестету
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> электр құралдарын қолдану ережелерін графикалық түрде бейнелейді. <b>Көптеген оқушылар:</b> тұрмыстық құралдарды қолданудағы қауіпсіздіктің негізгі қағидаларын атайды; <b>Кейбір оқушылар:</b> тұрмыстық құралдарды қолдану ережелерін құрастырады және графикалық белгілерді суретке салады, сол бойынша қорытындылар шығарады.
<b>Бағалау критерийлері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Электр құралдарын атайды (5-тен кем емес);</li> <li>• Электр құралдарын қолдану ережелерін біледі;</li> <li>• Электр құралдарын қолдану ережелері бұзылғанын анықтайды;</li> <li>• Электр құралдарын қолдану ережелерін графикалық түрде бейнелейді.</li> </ul>

Тілдік мақсаттар	<p><b>Оқушылар тұрмыстық құралдарды қолданғанда қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын талқылайды.</b></p> <p><b><i>Пәнге қатысты лексика мен терминология:</i></b> Электр қуаты, тұрмыстық құралдар. Электр тогымен зақымдану қауіптілігі. Тұрмыстық құралдарды пайдаланудың графикалық белгілері</p> <p><b><i>Диалогке/жазылымға қажетті тіркестер</i></b> Егер дұрыс қолдана білсе, электр күші адам өміріне зиянын тигізбейді. Тұрмыстық құралдарды қауіпсіз қолданудың ережелерін есінде сақта!</p> <p><b><i>Талқыланатын мәселелер:</i></b> – электр құралдарының тұрмыстағы пайдасы қандай? – не үшін тұрмыстық құралдарды қолданғанда қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?</p> <p><b><i>Жазылым:</i></b> Тұрмыстық құралдардың атауын дәптерге жазу.</p>	
Құндылықтарды дарыту	<p>Қауіпсіздік ережелерін құрастыру арқылы жүзеге асады; Сыйластық – бір-бірінің жауабын мұқият тыңдау барысында көрініс табады.</p>	
Пәнаралық байланыстар	Жаратылыстану, көркем еңбек	
Алдыңғы меңгерілген білім	3-сыныптың «Тірі табиғат» бөлімінде табиғи ортада қауіпсіздікті жоспарлауды үйренген. Қауіпсіздік ережелерін құрастыру тәжірибесі бар.	
Саралау	<p><b>«Графикалық белгілер» тапсырмасында</b> кейбір оқушылар тұрмыстық құралдарды қолдану ережелерін құрастырады және жаңа графикалық белгілерді суретке салады, сол бойынша қорытындылар шығарады.</p> <p><b>«Қай ереже бұзылған?» тапсырмасында</b> ойын жинақы, еркін жеткізеді, талқылайды.</p>	
Бағалау	<p>Бағалау және кері байланыс беру сабақтың өн бойында жүріп отырады.</p> <p>Жұптық, топтық, жеке графикалық белгілермен бағалау жүргізіледі.</p>	
Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы	<p>Сынып бөлмесіндегі тұрмыстық құралдарды пайдалану жөнінде айтыңыз.</p> <p>Өрт шыққан жағдайда 101 номеріне хабарласу керектігін айту.</p>	
<b>Сабақ барысы</b>		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

<p>Сабақтың басы 0-5 мин</p> <p>6-8 мин</p> <p>8-9</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Психологиялық дайындық . «Сәрсенбі күні сәттілік тілеу»</li> <li>• <b>Алдыңғы білімді еске түсіру.</b> Отбасы құндылықтары рухани (жақсартады) материалдық (жеңілдетеді) сатылмайды сатылады</li> <li>• <b>«Мозайка» әдісі бойынша топтарға бөліну</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушылар тұрмыстық техниканың түрлі бөліктерін жинап, бір суретті жинайды. Солар бойынша топтарға бөлінеді: үтік, шашкептіргіш.</li> <li>- Әрбір топ өз құралдары туралы әңгімелейді: бұл не және ол қалай жұмыс істейді? «Электр құралдары» ұғымы енгізіледі.</li> </ul> </li> <li>• <b>Сабақ мақсатын анықтау</b></li> <li>• <b>Сабақ тақырыбы мен мақсаты жайлы оқушылардың болжамдары айтылады</b></li> <li>• <b>Бағалау критерийлері ұсынылады:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Электр құралдарын қолдану ережелерін біледі;</li> <li>- Электр құралдарын қолдану ережелері бұзылғанын анықтайды;</li> <li>- Электр құралдарын атайды (5-тен кем емес);</li> <li>- Электр құралдарын қолдану ережелерін графикалық түрде бейнелейді.</li> </ul> </li> </ul> <p><b>Қалыптастырушы бағалау-графикалық белгілермен жүргізілетінін айту.</b> Сабаққа белсенді қатысқан, қауіпсіздік ережелерін жақсы меңгерген топ мүшелері медальмен марапатталатынын ескерту.</p>	<p>4-6 бөлікке бөлінген кима суреттер</p>  <p>1 топ-Рухани құндылықтар 2 топ-Материалдық құндылықтар</p> <p>Слайд</p>  
<p>Сабақ ортасы 10-15 мин</p>	<p><b>1. Мәтінмен жұмыс (жұптық)</b> <b>«Жуан және жіңішке сұрақтар» стратегиясы</b> Мәтінді дауыстап оқып шығып, жұбына</p>	<p><i>Оқулық</i></p>

	<p>бір жуан және бір жіңішке сұрақ қою ұсынылады.</p> <p><b>Сұрақтар мысалы:</b>  <b>Жіңішке сұрақтар:</b> <i>Электр қуаты деген не?</i>  <i>Оны қайдан, қалай аламыз?</i>  <b>Жуан сұрақтар:</b>  <i>Электр қуаты несімен қауіпті? Электр тоғынан сақтануда не үшін кейбір қағидаларды қатаң ұстану қажет?</i>  <b>Бағалау критерийлері:</b>  - <i>Электр құралдарын қолдану ережелерін біледі.</i>  <b>Дескриптор:</b>  - <i>Мәтін бойынша бір жуан және бір жіңішке сұрақ қоя алады.</i>  <b>ҚБ: Жұптық бағалау. Графикалық</b></p>	
<p>16-23 мин</p>	<p>белгілермен бағалау.  -1 жуан, 1 жіңішке сұрақ қойса,</p> <p> -1 жуан, не 1 жіңішке сұрақ қойса,</p> <p> -ешқандай сұрақ қоя алмаса, беріледі.</p> <p><b>2. Бейнематериал. «Электр қуаты деген не?»</b>  <b>«Сюжетті суреттер сөйлейді» әдісі.</b>  <b>«Қай ереже бұзылған?» тапсырмасы (топтық)</b>  Әрбір топқа тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелері туралы сюжетті суреттер таратылады. Топта суреттердегі ереже бұзу фактілерін табу керек. Содан кейін әрбір топ орындаған жұмыстарын түсіндіріп береді.</p> <p><b>Бағалау критерийлері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Электр құралдарын қолдану ережелері бұзылғанын анықтайды;</i></li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b>  -тұрмыстық құралдарды қолданудың қандай ережесі бұзылғандығын, оны сақтаудың маңыздылығын талқылайды.</p> <p><b>ҚБ: Топаралық бағалау. Графикалық</b></p>	<p>Әдіст.нұсқ.  Сілтеме:  <a href="https://www.youtube.com/watch?v=MwsEThy39Fc">https://www.youtube.com/watch?v=MwsEThy39Fc</a></p> <p>Әрбір топқа арналған сюжетті суреттер</p>  
<p>24-26 мин</p>		

27-37 мин

белгілермен бағалау.




-4-5

ереженің,



-3

ереженің,  - ереженің бұзылғанын мүлдем айта аламаса, беріледі.

Сергіту сәті.

«Бір минут» дидактикалық ойыны (жеке)

Оқушыларға 60 секунд ішінде өздері білетін және бүгін білген электр құралдарының аттарын парақтарына жазу ұсынылады.

Оқушылар партамен көршілес жұбын бағалайды. Олар өзара дұрыс жауапты 1 ұпайға теңестіріп, ұпайларын санап, парақтарына жазады. Ұпай саны жоғары оқушы жеңіске жетеді.

**Бағалау критерийлері:**

- Электр құралдарын атайды (5-тен кем емес).

**Дескриптор:**

- тұрмыстық құралдардың (5-тен кем емес) атын жазады

**ҚБ: Графикалық белгілермен бағалау.**



-4-5,



-3,



- электр құралының атын мүлдем жазбаса, беріледі.


**3. Мазмұнды сызбамен жұмыс (топтық) «Графикалық белгілер» тапсырмасы**

Әрбір топ электр құралдарын пайдалану ережелерін зерттейді және ережелердің біріне графикалық кескін салады. Тапсырма аяқталғаннан кейін оқушылар бір-біріне кері байланыс жасайды, онда олар жақсы жақтарын айтып, жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар айтады.

**Бағалау критерийлері:**

- Электр құралдарын қолдану ережелерін графикалық түрде

Слайд



Постер, графикалық белгілер


	<p>бейнелейді.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p>- тұрмыстық құралдарды қолдану ережесін графикалық түрде бейнелеп көрсетеді.</p> <p><b>ҚБ: Топаралық бағалау. Графикалық белгілермен бағалау (қанишалықты графикалық белгілерді қолданды, қорғай алды, сонша  белгісін беру. Егер ескерту айтылса, сонша  белгісін беру).</b></p>	
<p><b>Сабақтың соңы</b> <b>37-38 мин</b></p> <p><b>39-40 мин</b></p>	<p><b>«Белгілер» кері байланысы</b></p> <div data-bbox="518 772 1077 918">    </div> <p>«Көрсету» белгісі – маған барлығы түсінікті, мен көрсете, қолдана аламын. «Ескерту» белгісі – түсіндім, бірақ ескеретін нәрселер бар. «Тыйым салу» белгісі - мен көп нәрсені түсінбедім. <b>Графикалық белгілерді санау арқылы бағалау жүргізу.</b></p>	<p><b>Слайд</b></p> <div data-bbox="1220 772 1444 952">  </div> <p><b>Графикалық белгілер</b></p>




Алматы облысы Жамбыл ауданы  
«Бозой негізгі орта мектебі мектепке дейінгі  
шағын орталығы бар орта мектеп» КММ  
Кунчибаева Анара Серикпайқызы  
бастауыш сынып мұғалімі

<b>Мектеп:</b> Бозой негізгі орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен коммуналдық мемлекеттік мекемесі	<b>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Өнер. Табиғат құбылыстары</b>	
<b>Сабақ тақырыбы:</b> Түркілер және олардың өмір салты. Жасанды ортадағы қауіп - қатер.		
Күні: 29.01.19 ж.	Мұғалімнің аты – жөні: Кунчибаева Анара Серикпайқызы	
<b>Сынып: 3/4</b>	<b>Қатысқандар саны: 7</b> <b>4-сынып – 6</b> <b>3-сынып - 1</b>	<b>Қатыспағандар саны:0</b>
<b>Сабақтың негізделген оқу мақсаты:</b>	4-сынып 4.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде жасанды ортадағы қауіп - қатерлерді анықтау және оларға баға беру.	3-сынып 3.3.2.1 түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір сүру салтын анықтау.
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> 4-сынып. Түрлі дереккөздер негізінде жасанды ортадағы қауіп - қатерлерді анықтайды және оларға баға береді.	3-сынып. Түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір сүру салтын анықтайды.
	<b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> жасанды ортадағы қауіп-қатерлерге қауіпсіздік ережесін құрастырады.	
	<b>Кейбір оқушылар:</b> жасанды қауіп -қатерге мысал келтіреді.	
<b>Бағалау критерийлері</b>	4-сынып • Жасанды ортадағы қауіп-қатерлерді анықтайды және оны болдырмау жолдарын	3-сынып • Ежелгі түркі халқының өмір салтын сипаттайды.

	ұсынады .	
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<b>Тілдік дағдылар:</b> тыңдалым, айтылым, жазылым	
	<b>Арнайы пәндік лексика мен терминология:</b>	
	<b>4- сынып</b> Жасанды орта, от, су, газ таралуы, су құбырының жарылуы.	<b>3-сынып</b> Түркілер, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, қолөнер.
	<b>Талқылауға арналған сұрақтар:</b>	
	<b>4-сынып</b> • Жасанды деп нені айтамыз? • Жасанды орта деп нені айтамыз ?	<b>3-сынып</b> • Түркілер қандай халық деп ойлайсың ? • Қазіргі уақытта түркілерге қандай ұлттарды жатқызамыз?
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	Өз ұлтын, халқын құрметтеу және мақтаныш сезімін қалыптастыру.	
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	Жаратылыстану	
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	Интербелсенді тақтада 4-сынып оқулығының презентациясы	
<b>Алдыңғы оқу / Бастапқы білім</b>	Катаклизм	
<b>Саралау:</b> Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз ? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?	Қабілеті жоғары оқушылар жасанды ортадағы қауіп-қатерге өз ойларынан мысал келтіреді. Қолдауды қажет ететін оқушыларға мұғалім тарапынан қолдау көрсетіледі.	
<b>Бағалау:</b> Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайсыз ?	ҚБ. «2 жұлдыз, 1 тілек» тәсілі арқылы ҚБ. «Бір сөйлеммен түйіндеу» тәсілі арқылы ҚБ. «Дескриптор» арқылы	
<b>Жоспар</b>		
	<b>Жоспарланған жұмыс түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың басталуы 5 мин	Амандасу, оқушыларды түгендеу. Үй жұмысын сұрау. Есіңе сақта! Адам үшін ең қымбаты - өмір. Өмір сүру – адам үшін ең басты байлық.	



	<p>Адам өміріне төнетін қауіп - қатердің түрі көп. Сондықтан да өмірді сақтап қалу әркімнің өзіне байланысты.</p> <p>Ол үшін сақтана білу керек.</p> <p><b>КӨШЕДЕ, ҮЙДЕ, ТАБИҒАТ АЯСЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ!!!</b></p> <p><b>Ширату жаттығуы. Ұжымдық жұмыс.</b></p> 	
<p>Сабақтың ортасы 30 мин</p> <p>10 мин</p>	<p>Ұжымдық жұмыс арқылы сабақтың тақырыбын хабарлау. Оқушыларға сабақтың мақсатымен, бағалау критерийлерін құрғызу.</p> <p>4-сынып</p> <p><b>Топтық жұмыс. «Үштік» әдісі арқылы орындату.</b></p> <p>Тапсырма. Мәтінді мұқият оқы.</p> <p>Үйде бір нәрсе жана бастаса, отты жылдам сөндіруге тырысу керек. Ол үшін жанған нәрсенің үстін көрпемен жаба салған дұрыс. Ауа болмаса, от жылдам сөнеді. Мұрынды сулы орамал немесе сүлгімен жауып, сыртқа шық. Ал егер от жалыны өрши бастаса, арнаулы орындарға қоңырау шалу қажет.</p> <p>Егер үйде газдың иісі сезілсе, жылдам терезені ашып, бөлмені желдету керек. Содан кейін газ плитасының ашық-жабықтығын тексеріп, құбырға бекітілген кранды ажырату қажет. Газдың иісі бар бөлмеде сіріңке жағуға, жарықты қосуға болмайды. Ауаға жиналған газдан жарылыс шығуы мүмкін. Газ иісі жойылмаса, дереу газ қызметіне немесе 104 нөміріне қоңырау шалуды ұмытпа!</p> <p>Бірінші суық су мен ыстық су келетін тетікті жап. Егер құбыр жарылып кеткен жағдайда ата – анаға хабар бер. Немесе 112 нөміріне қоңырау шалып, көмек сұра. Көршілеріңді көмекке шақыр.</p> <p>1 үштік (түсіндір, сұрақ қой, кері байланыс бер)</p> <p>2 үштік (түсіндір, сұрақ қой, кері байланыс бер)</p>	<p>Презентация</p> <p>Оқулық</p> <p>Маркер, қағаз</p>

3 мин	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтінді оқып, түсіндіреді.</li> </ul>	
5 мин	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қояды.</li> </ul> <p>ҚБ. «2 жұлдыз, 1 тілек» тәсілі арқылы бағалайды.</p>	
	3-сынып	Қағаз, маркер
	<p><b>Жеке жұмыс. «Сықырлы сандықша» әдісі арқылы орындату.</b></p>	
	<p><b>Тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.</b></p>	
	1.Түркілер кімдердің ұрпақтары _____	
	2.Түркілер қандай өмір салтын ұстанған. _____	
	3.Түркілер қандай жетістікке жеткен _____	
	<p><b>Дескриптор:</b></p>	
	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сұрақтарды түсініп оқиды.</li> <li>• Сұрақтарға жауап жазады.</li> </ul>	
	ҚБ. «Дескриптор» арқылы бағалайды.	
	4-сынып	
	<p><b>ЖЖ «Көршіңмен кеңес» әдісі арқылы орындату.</b></p>	
	<p><b>Тапсырма.</b> Сандарды суреттердің реті бойынша жаз.</p>	
	1 жүп. Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелері	
	2 жүп. Бөлмеге газ таралғандағы қауіпсіздік ережелері	
	3 жүп. Жер сілкінісі қаупі төнгенде қауіпсіздік ережелері	
		
3 мин		
1 мин		
		
		
5мин		



- Үйдегі жеке қауіпсіздік ережесін құрастырыңдар.

1 жұп. Белгісіз біреу үйіңнің есігін ашпақшы болса, не істер едің ?

2 жұп. Бейтаныс адам телефон соғып, үйде кімдер барын сұраса, не дер едің ?

3 жұп. Сабақтан келгенде үйіңнің есігі ашық болса, қандай әрекет жасайсың ?

#### Дескриптор:

- Сандарды қауіпсіздік шараларының реті бойынша жазады.
- Үйдегі жеке қауіпсіздік ережесін құрастырады.
- Құрастырған қауіпсіздік ережесін айтып береді.

**ҚБ. Жұптар өзара бағалайды.**

**3-сынып**

**Жеке жұмыс. «Ақиқат, жалған» ойынын ойнату.**

3 мин

	ақиқат	жалған
Түркілер – ғұндардың ұрпағы.		
Түркілердің бірінші басшысы - Әмір Темір болған.		
Түркілер – қазақтардың арғы бабасы		
Тіркiлер кеме арқылы жүзген.		
Түркілер көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан.		
Түркілер жібек жасап шығарған.		
Түркілердің бір бөлігі егін шаруашылығымен айналысқан		
Түркілерде темір ұсталық, зергерлік, құмыра жасау қолөнері жақсы дамыған.		
Түркілер мылтықтарды жасап		

шығарған.			
Түріктер алғашқы қалаларды құрған.			
Түркілерде өзінің руна жазуы болған.			

**Сергіту сәті.**

Жер сілкіну кезіндегі қауіпсіздік ережесін сахналап көрсетеді.

4-сынып

**Жеке жұмыс. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма.**

«Модельдеу, салыстыру» әдісі арқылы орындату.

**Тапсырма.** Суреттерге мұқият қара. Мұндай ортада балалар қандай қауіп - қатерлерге ұшырауы мүмкін? Мысал келтір.



1. \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

- Суреттер бойынша жасанды ортадағы қауіпсіздік ережелерін құрастырып жаз.

1. \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_


**Дескриптор:**

- жасанды ортадағы туындауы мүмкін қауіп - қатерлерді анықтайды;
- жасанды ортадағы қауіп - қатердің алдын алу ережелерін құрастырады.

**Саралау.** Қабілеті жоғары оқушылар жасанды ортадағы қауіп-қатерге өз ойларынан мысал келтіреді. Қолдауды қажет ететін оқушыларға мұғалім тарапынан қолдау көрсетіледі.

### 3-сынып

Тапсырма. Суреттерді пайдаланып, ежелгі түркілердің өмір салты туралы әңгімеле.



Ежелгі түркі мәдениеті.



Ежелгі түркі қоғамында бірінші байрағы.



Түркілердің өмір салты туралы мәліметтер.

Билге ханы Шығыс Түркі мемлекеті.



Билге түркі мемлекеті.

Орыс тілі	Дыбыс	Орыс тілі	Дыбыс
А	а	Ә	ә
Б	б	Ғ	ғ
В	в	Қ	қ
Г	г	Ғ	ғ
Д	д	Ұ	ұ
Е	е	Ү	ү
Ж	ж	Ө	ө
З	з	Я	я
И	и	Ы	ы
Й	й	Э	э
К	к	Ю	ю
Л	л	Я	я
М	м	Ы	ы
Н	н	Э	э
О	о	Ю	ю
П	п	Я	я
Р	р	Ы	ы
С	с	Э	э
Т	т	Ю	ю
У	у	Я	я
Ф	ф	Ы	ы
Х	х	Э	э
Ц	ц	Ю	ю
Ч	ч	Я	я
Ш	ш	Ы	ы
Щ	щ	Э	э
Ъ	ъ	Ю	ю
Ы	ы	Я	я
Ь	ь	Ы	ы
Э	э	Э	э
Ю	ю	Ю	ю
Я	я	Я	я

Дескриптор:

- суреттердің негізінде түркілердің өмір салты туралы әңгімелейді.

ҚБ. «Дескриптор» арқылы өздерін бағалайды.

Сабақтың аяқталуы 5 мин

**Қорытынды бағалау. «Ия, жоқ» әдісі арқылы бағалау**

Шарты: бағалау парақшасынан қар кесегін жасап, біріне - бірі лақтырады. Бір - бірінің бағалау парақшасымен танысады. «Жоқ» жауабы бар қолдауды қажет ететін оқушыларға диалог арқылы өзара көмек беріледі.

**Үйге тапсырма:**


**4 – сынып.** Бес сұрақтан тұратын тест құрастыру.

**3 – сынып.** Үлкендердің көмегіне жүгініп, түркілерден, қазақтардан басқа тағы қандай ұлттар тарағанын біліп келу.

ҚБ тапсырмасы

Алматы облысы Көксу ауданы  
«С.Қырықбаева атындағы мектепке дейінгі  
шағын орталығы бар орта мектеп» КММ  
бастауыш сынып мұғалімі  
Абдрахманова Жұлдыз Құдырханқызы

<b>Пәні:</b> Дүниетану	<b>«С.Қырықбаева атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп» КММ</b>	
<b>Мұғалім:</b>	Абдрахманова Жұлдыз Құдырханқызы	
<b>Сыныбы: 1</b>	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
<b>Бөлім</b>	Дені саудың - жаны сау	
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	Айналадағы қауіп-қатер. <b>ӨҚН</b>	
<b>Сабаққа негізделген оқу мақсаты:</b>	1.1.4.3. Үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру	
<b>Сабақ мақсаттары:</b>	<p><b>Барлық оқушылар:</b> Айналадағы және үйдегі қауіпсіздік ережелері туралы біледі.</p> <p><b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> Қауіпті жағдайда дұрыс әрекет етуді біледі.</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> Қажет болған кезде дұрыс әрекет жасай біледі.</p>	
<b>Бағалау критерилері:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Үйдегі қауіпті заттар мен жағдайларды атайды;</li> <li>- Үйдегі қауіпсіздік ережелерін тұжырымдайды;</li> <li>- Жедел көмек қызметтерін атайды;</li> </ul>	
<b>Тілдік мақсаттар:</b>	- Жазатайым жағдай, қауіп қатер	
<b>Тірек сөздер</b>	Сабаққа байланысты деректі материалдар Сабаққа қатысты ескертпелер	
<b>Құндылықтарды дарыту:</b>	Өмір бойына білім алу	
<b>Пәнаралық байланыс:</b>	Жаратылыстану, сауат ашу.	
<b>АКТ қолдану дағдылары:</b>	Интербелсенді тақта, суреттер	
<b>Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім:</b>	Үйдегі қауіпсіздік ережелерін күнделікті тұрмыстан біледі	
	<b>Жоспар</b>	
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған жаттығулар</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Басталуы 10 мин</b>	<i>Ұйымдастыру кезеңі.</i> <i>Психологиялық кезең</i>	

	<p>Жарқырап күнде ашылды, Күн нұры түгел шашылды Қайырлы күн қонақтар Біз әдепті баламыз. Қайырлы күн ұстазым, Біз көңілді боламыз.</p> <p><b>Үй тапсырмасын «Лотерея» әдісі арқылы сұрау (оқушыларға сұрақтар жазылған лотерея таратылады)</b></p> <p><b>«Кіру билетін» ұсыну.</b></p> <table border="1" data-bbox="488 622 1150 929"> <tr> <td data-bbox="488 622 724 712"><b>Құлақпен не естідің?</b></td> <td data-bbox="724 622 948 712"></td> <td data-bbox="948 622 1150 712"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="488 712 724 801"><b>Көзбен не көрдің?</b></td> <td data-bbox="724 712 948 801"></td> <td data-bbox="948 712 1150 801"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="488 801 724 891"><b>Жүрекпен не сездің?</b></td> <td data-bbox="724 801 948 891"></td> <td data-bbox="948 801 1150 891"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="488 891 724 929"></td> <td data-bbox="724 891 948 929"></td> <td data-bbox="948 891 1150 929"></td> </tr> </table> <p><b>ҚБ: Ауызша мадақтау</b></p> <p>Дабылды балаларға тыңдату арқылы сабақты бастау</p> <p>- Бұл дабыл нені білдіреді? - Бұл дабыл қандай жағдайда соғылады?</p>	<b>Құлақпен не естідің?</b>			<b>Көзбен не көрдің?</b>			<b>Жүрекпен не сездің?</b>						<p>Лотерея билеті</p> <p>Өрт сөндіргіш қызметінің дабылы</p>
<b>Құлақпен не естідің?</b>														
<b>Көзбен не көрдің?</b>														
<b>Жүрекпен не сездің?</b>														
<p><b>Ортасы 25 мин</b></p>	<p><b>Оқушыларға өрт тақырыбына байланысты бейнежазба көрсету. (Бейне жазба арқылы оқушыларға сұрақ қойылады.)</b></p> <p><b>1-сұрақ.</b> Бейнежазба не туралы болды? <b>2-сұрақ.</b> Сіріңкемен ойнауға бола ма?</p> <p><b>ҚБ: «Ақылды үкі» әдісі</b></p> <p><b>М.Т:</b> Қауіп қатер кез келген уақытта және кез келген жерде кездесуі мүмкін. Ғалымдар адамның үйінің өзінде тіптен қауіпсіз емес екенін анықтады. Сондықтан, үйде жазатайым жағдай болуы әбден мүмкін. Тұрғын үй қауіпсіз болуы үшін қауіптің алдын алу қажет. Байқампаз әрі мұқият болсаң онда ешқандай жаман оқиғаға ұрынбайсың.</p>	<p>Бейнежазба</p> 												

### 1-тапсырма

Суреттерге мұқият қара. Жедел көмек көрсету қызметінің атауын және олармен хабарласуға арналған телефон нөмірін жаз.

«Жылдам шешім» әдісі



### Дескриптор:

- жедел қызмет көрсету түрін анықтайды, нөмірін жазады;
- жедел қызмет көрсету түрін анықтайды, нөмірін жазады;
- жедел қызмет көрсету түрін анықтайды, нөмірін жазады;

ҚБ: «Математикалық амалдар» әдісі

### Сергіту сәті

### 2-тапсырма

«Суреттер ескертеді». Суретке қарап, қауіпсіздік ережесі жазылған сөйлемді толықтыр.



Балконнан төмен \_\_\_\_\_ болмайды!



Бөтен адам есікке қоңырау

шалса, \_\_\_\_\_ болмайды







Үйдің ішінде  
сіріңкені рұқсатсыз  
алып,

\_\_\_\_\_ болмайды!

**Дескриптор:**

- 1- сөйлемді толықтырады;
- 2-сөйлемді толықтырады;
- 3-сөйлемді толықтырады.

**ҚБ**



**3-тапсырма**

« Сенің әрекетің... » дұрыс жауапты таңда.

1. Үйден абайсызда өрт шықса, сенің әрекетің ... .

- А. Ешқандай әрекет жасамаймын;
- Ә. Қатты қорқып, жылаймын;
- Б. Үлкендерді көмекке шақырып, 101 –ге телефон шаламын.

2. Құтқару қызмет қажет болған жағдайда қай нөмірге хабарласасың?

- А. 112
- Ә. 104
- Б. 101

3. Егер бейтаныс адам сенімен қарым-қатынасқа түспекші болса, саған тәтті немесе ойыншық ұсынса, сенің әрекетің...

- А. Қасына барамын
- Ә. Мүлдем сөйлеспеймін
- Б. Ұсынған затын аламын

**Дескриптор**

- 1-жағдайдағы әрекетті дұрыс белгілейді;
2. Құтқару қызметінің нөмірін дұрыс табады;
3. 3-жағдайдағы дұрыс әрекетті белгілейді.

**ҚБ: Ауызша мадақтау.**

<b>Соңы 5 мин Кері байланыс</b>	<b>«Шығу билеті»</b> Кестені толтыр.	
	<b>Құлақ н не естідің?</b>	
	<b>Көзбен не көрдің?</b>	
	<b>Жүрекпен не сездің?</b>	
		Шығу билеті
<b>Саралау</b>	Бағалау	Денсаулық сақтау технологиясы

*Алматы облысы Көксу ауданы  
Жетіжал орта мектебі  
Нурсалхан З.  
бастауыш сынып мұғалімі*

<b>Қысқа мерзімді жоспар</b> <b>Пән: Дүниетану</b> <b>Күні:</b>	Мектеп: Жетіжал орта мектебі Мұғалімнің аты-жөні: Нурсалхан З. Сынып: 1 Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
<b>Сабақ тақырыбы</b>	Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік ережелері
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	1.1.4.2 төтенше жағдайлар, зілзала апаттары жөнінде білімдерін кеңейтіп, олардан сақтану жолдарымен, алғашқы көмек көрсету шараларымен таныстыру. 1.3.1.1 балалардың ой-өрісін, тілін дамыту, балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.
<b>Бағалау критерийлері</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> Балалар төтенше жағдайлар туралы түсінік алады. <b>Көпшілік оқушылар:</b> Суретпен жұмыс жасай отырып, қауіпсіздік ережелерінен сақтану жолдарын айта алады. <b>Кейбір оқушылар:</b> Алғашқы көмек көрсету шараларымен танысып, оны қолдануды біледі.
<b>Тілдік мақсат</b>	Оқушылар: Төтенше жағдай туралы және сөз тіркестерінің мағынасын танып, меңгереді. Негізгі сөздер мен тіркестер: зілзала апат, су тасқыны, сел, өрт <i>Талқылауға арналған сұрақтар:</i> - Төтенше жағдай дегеніміз не? - Олардан қалай сақтануға болады? - Су тасқыны, өрт болған жағдайда қалай қорғану керек

	деп ойлайсыңдар?	
	<i>Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба?</i>	
	- Қандай төтенше жағдай адам өміріне зиян болуы мүмкін? -Халық неліктен жол мен өзен маңына қоныстанған деп ойлайсың?	
	<i>Тыңдалым мен оқылым бойынша ұсыныстар:</i>	
	Оқушы пікірлері, мұғалім түсіндірмесі тыңдалады.	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	Құрмет көрсетуге тәрбиелеу.	
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	Жаратылыстану, көркем еңбек	
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	Компьютер	
<b>Жоспар</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған жаттығулар</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың басы 5 мин	<p><b>Ынтымақтастық атмосферасын құру</b>  <u>Суреттер арқылы топқа бөлу</u>  <b>(Ұ) Қызығушылықты ояту. Ойлан. Сипатта.</b>  Мұғалім өлең оқиды:</p> <p>Табиғат егіз адаммен,  Ұқсастық табам содан мен,  Мәңгілік болсын егіздер  Жер – Ана, көл, теңіздер.</p> <p>- Әр адамның өз үйі бар. Әр жануардың да өз үйі бар. Жәндіктер, гүлдер, ағаштардың да өз үйі бар. Балалар, осылардың бәріне ортақ үйді қалай атайды?  Оқушы: Бәріне ортақ үй - Жер деп аталады.</p> <p><b>ҚБ: мадақтау</b></p>	суреттер
Сабақтың ортасы 30 мин	<p><b>Оқулықпен жұмыс:</b>  <b>(Ұ) 1-тапсырма. «Миға шабуыл» (әдіс)</b>  Балаларға жұмбақ жасыру:  Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,  Дабылдатып дабылын ол қағып тұр,  От жағып, дабыл қағып тұрғанында,  Сабалап төмен қарай су ағып тұр.</p> <p>- Ол не екен балалар?  Оқушы: Жаңбыр, Найзағай.</p>	суреттер

Балалар жаңбыр, найзағай – олар табиғи құбылыстарға жатады екен. Табиғи құбылыстар әр түрлі болып келеді. Жаңбыр жауса жерге шөптер шығады, шаң – тозаң болмайды. Алайда, жаңбыр көп жауса, адамға келтірер зияны көп болмақ. Балалар бүгін біз осы табиғатта болатын төтенше жағдайлар туралы әңгімелеспекпіз.

Төтенше жағдай дегеніміз адамдардың қаза табуына әкеп соғатын немесе денсаулығына, қоршаған орта мен шаруашылыққа зиянын келтіретін жағдайды айтамыз. Төтенше жағдай екі түрлі себептермен болуы мүмкін: табиғи сипаттағы немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар – дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, көшкін, су тасқыны және тағы басқалар табиғи өрт, індеттер мен малдың жұқпалы аурулары).

Бүгін балалар мен сендерге осы төтенше жағдайлар кезінде қандай сақтық шараларды қолдану керектігі туралы айтып өтемін. Солардың бірі – өрт. Өртке елді мекендердегі ғимараттар, ағаш көпірлер, электр желілері мен ағаш бағаналардағы байланыстар, мұнай өнімдері қоймаларында және басқа материалдар мен адамдар, ауылшаруашылық малдары өртке шалдығуы мүмкін. Орман алқабындағы шөптерден, бұталардан, ағаш түбіртектерінен, шырпылардан өрт шалады.

Ауа райы құрғақ болған жылдары жоғарғы өрт желдің есебінен, ағаштарды өрт шалады. Төменгі өрт тарау жылдамдығы минутына 0.1-ден 3 метрге дейін, ал жоғарғы өрт желдің бағытына қарай 100 метрге дейін жетеді.

- Отпен жұмыс істегенде абай болу керек; Қоқысты үйге, аулаға, орманды жерлерге өртеуге болмайды; өрт болған жағдайда телефон арқылы 101 нөміріне

коңырау шалу керек,  
төтенше жағдайдың бірі – су тасқыны, сел.  
Су тасқынының негізгі үш себебі бар:  
жаңбырдың өте көп жаууы, қардың тез еруі  
мен тұрып қалған мұздардың жылжуы,  
теңіз суының жағаға ұруы, өзенге судың  
көп құйылуы. Әсіресе қар еруі ұзаққа  
созылғанда өте қауіпті.

**Су тасқыны кезінде:**

- Үйдегі газды, суды, жарықты сөндіру;
- Пештегі жанып жатқан отты өшіру;
- Үйдегі бағалы заттарды үйдің төбесіне не жоғары қабатқа шығару;
- Бірінші қабаттағы есік пен терезелерді тақтаймен не фанермен қағып тастау;
- Мал тұратын сарайдағы есіктердің ілгішін ашып тастау керек.

Кездейсоқ су тасқынында өзіңізбен бірге жылы киім, мүмкіндігінше су өткізбейтін киім, жамылғы, тамақ және басқа нәрселерді алып, рельефтің ең биік жеріне көтеріліңіз, ол жерді ешқашан су баспайды. Егер ол болмаса қайық және т. б. дайындау қажет.

Су кеткеннен кейін электр сымдарынан, зақымданған газ магистралдан сақ болу қажет. Үйге кірер алдында су тасқынынан зақымданбағандығын байқау қажет. Судан табылған заттардан тамақ әзірлеуге болмайды.

**ҚБ: смайлик**

**Сергіту сәті.**

Қане, қызық ойындар  
Қатарласа қойыңдар.  
Отырыңдар, тұрыңдар.  
Маған мойын бұрыңдар.  
Қолымызды жаяйық  
Құстай қанат қағайық  
Аяқты бір басыңдар.  
Қане, тағы, тағы да  
Қол соғайық жабыла  
Қане, тағы, тағы да.

**(Ж) 2-тапсырма. «Сөйлейтін қабырға»**

Төтенше жағдайдың тағы бір түріне жер сілкінісі жатады. Жер сілкінісін алдын ала болжап хабарлайды, алдын ала дайындап қою керек:

- рюкзак немесе сөмкеңізді, құжаттарды;
- үш күнге жететін тамақ пен суды;
- жылжымалы электр фонары мен сөмкені;
- алғашқы медициналық дәріханасы мен медикаменттерді;

- жылы киім мен аяқ киімді;

**Есте сақтаңыз:** жер сілкінісі басталған кезде үрейленбей және басқалардың үрейленуіне жол бермеу керек;

- Газ, су және жарықты сөндіру керек;
- Жер сілкіну төменгі баллмен жай болса, онда сол жерде тұрыңыз, қорықпаңыз, күтіңіз; егер күшті жер сілкінісі болған кезде үй ішінде болсаңыз:

- Ішкі қабырғаның қауіпсіз жеріне, бұрышқа, есіктің жақтауына, ваннаға жату керек;

- Екінші не одан жоғары қабатта болсаңыз ол жерден ешқайда кетуге болмайды;

- Кереуеттің, столдың астына кіру керек, себебі бұлар құлайтын заттар мен сынықтардан қорғайды. Ауыр жиһаздар мен терезелерден аулақ ұстау керек, лифтін пайдалануға болмайды екен. Жер сілкінісінен кейін:

- Қажет адамдарға алғашқы жәрдем көмегін көрсету керек;

- Зардап шеккендерді үйіндіден шығаруға көмектесу керек;

Жол жүргенде, жай уақыттың өзінде адамдар теледидар мен радиодан берілген ақпараттарға құлақ түре жүргені дұрыс. Гидрометорталығы бұқаралық ақпарат орталығы арқылы қар көшкіні, сел, су тасқыны, жер сілкіну қауіп қатері туралы тұрақты алдын ала ескертіп отырады. Ондай жағдайларда алдын алу шаралары жүргізіледі.

- Балалар, біз күннің екінші жартысында от пен су туралы мақалдар жаттаған

	<p>болатынбыз. Қане кім тақпақтар айтады. Жер сілкінісі туралы жазылған парақшалар арқылы топтасады, атауын қорғайды</p> <p>1.Мәтінді оқу 2.Мазмұндау</p> <p><b>ҚБ: ауызша мадақтау</b> <b>Дәптермен жұмыс:</b></p>	
<p>Сабақтың соңы 5 мин</p>	<p>Ойын: «Жалғастыр» Балалар тақпақтар айтады.</p> <p>Нұрсұлтан: От басына өрт салма Ойын түбі – от</p> <p>Перизат: От жақпа пісерсің, Ор қазба түсерсің.</p> <p>Сезім: Отпен ойнама, күйерсің.</p> <p>Кәусар: Ойын түбі – от.</p> <p>Дәулет: Отын деген шөп болар, Жинай берсең көп болар.</p> <p>Жандәулет: От жақпа - пісерсің, Ор қазба түсерсің.</p> <p>Парасат: Сумен ойнама – батарсың, Отпен ойнама – күйерсің.</p> <p>Әлия: От пен су – тілсіз жау.</p> <p>Балаларға сұрақтар қою арқылы өткен тақырыпты пысықтау.</p> <p>Оқушылардың біреуі «Қауіпсіздік ережелері» тақырыбы бойынша сөздерді атайды, мысалы «өрт », келесі оқушы бірінші айтылған сөздің соңғы әрпінен басталатын сөзді атайды, мысалы, «тасқын». Сөздер қайталанбауы керек.</p> <p><b>Кері байланыс:</b> Жасыл түс – түсіндім Сары түс – әлі де мағлұмат керек Қызыл түс – түсінген жоқпын</p>	<p>суреттер</p>

Алматы облысы Көксу ауданы

<b>Пәні: дүниетану Сынып: 3- сынып</b>	Мектеп: Жетіжал орта мектебі Мұғалімнің аты-жөні: Кушбаева Б.И	
<b>Сабақ тақырыбы:</b>	Табиғи ортада қандай қауіп-қатерлер бар?	
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:</b>	3.1.4.3. түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау. 3.1.4.4 өзінің табиғи ортадағы қауіпсіздігін жоспарлау.	
<b>Сабақ мақсаттары:</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> Табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтайды. <b>Көптеген оқушылар:</b> Түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді бағалайды. <b>Кейбір оқушылар:</b> Қауіп-қатерден қорғанудың ережесін құрастырады.	
<b>Бағалау критерийлері:</b>	1. Табиғи ортада кездесетін қауіп-қатерлерді түрлі дереккөздер негізінде анықтайды, бағалайды. 2.Өзінің табиғи ортадағы қауіпсіздігін жоспарлайды.	
<b>Тілдік мақсаттар:</b>	Қоршаған орта, техногендік,экология,табиғи,қауіпсізді к.	
<b>Құндылықтард ы дарыту:</b>	Бір-біріне құрмет көрсету	
<b>Пәнаралық байланыстар:</b>	Жаратылыстану, музыка пәні	
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	Интернет-ресурстар, дереккөздер	
<b>Бастапқы білім</b>	Оқушылар ауа-райының қолайсыз жағдайы кезіндегі табиғи апаттарды біледі.	
<b>Сабақ барысы:</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<b>Сабақтың басы 2 мин 1 мин 2 мин</b>	Психологиялық тренинг: «Әнді жалғастыр!» Топқа бөлу: Мозайка» әдісі. Қима қағаздар арқылы бөліну	қима қағаздар



	<p>Бастапқы білімді еске түсіру</p> <p>Табиғи ортада қандай қауіп- қатерлер бар?</p> <p>ҰЖ «Ассоциация картасы» әдісі</p> <p>Дескрипторы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қауіп-қатер сөзіне ассоциация құрады,</li> <li>- Топта талқылайды.</li> </ul>	суреттер
<p><b>Сабақтың ортасы</b></p> <p><b>5 мин</b></p> <p><b>5 мин</b></p> <p><b>5 мин</b></p> <p><b>2 мин</b></p> <p><b>1 мин</b></p> <p><b>4 мин</b></p> <p><b>3 мин</b></p> <p><b>5 мин</b></p> <p><b>2 мин</b></p>	<p>БК-1. Табиғи ортада қауіп -қатерлерді түрлі дереккөздер негізінде анықтайды, бағалайды</p> <p>ТЖ. «Бірлескен жұмыс» әдісі. Табиғи ортада қауіп -қатерлерді түрлі дереккөздер негізінде анықтау.</p> <p>Саралау: Тапсырма бойынша саралау</p> <p>1-топқа «Постер жасау»</p> <p><b>Дескрипторы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Ақпарат көздерінен алынған материалдар бойынша техногендік қауіп-қатерді анықтайды.</li> <li>-Постер жасайды.</li> <li>— Топта талқылайды.</li> </ul> <p>2-топ «Кесте құрастыру»</p> <p><b>Дескрипторы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ғаламтор материалдары арқылы экологиялық қауіп-қатерді анықтайды.</li> <li>Кесте құрастырады.</li> <li>Топта талқылайды.</li> </ul> <p>3-топ «Коллаж» құрастыру</p> <p><b>Дескрипторы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Табиғи қауіп-қатерлерді берілген мәтін бойынша анықтайды;</li> <li>Берілген суреттер бойынша коллаж жасайды;</li> <li>Топта талқылайды.</li> </ul> <p><b>ҰЖ «Серпілген доп» ойыны</b></p> <p>Дескрипторы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>— Экологиялық қауіп -қатер түрлеріне мысал келтіреді</li> <li>-Табиғи қауіп -қатер түрлеріне мысал келтіреді</li> <li>-Техногендік қауіп -қатер түрлеріне мысал келтіреді</li> </ul> <p>ТЖ. « Ойлан,бөліс!» әдісі.(Табиғи ортада қауіп –қатерлерден адам өміріндегі шығындары негізінде</p>	<p>Қауіп-қатерлер туралы журнал</p> <p>планшет суреттер доп планшет</p> <p>Қауіп-қатерлер туралы журнал</p> <p>Таратпа парак</p> <p>Бағдаршам суреті</p> <p>Қауіп-қатерлер туралы ережелер Таратпа парак Су тасқыны туралы бейне көрсетілім</p> <p>Смайликтер</p>

бағалату мақсатында)  
Саралау: Дереккөздер бойынша  
саралау

**Дескрипторы:**

*1-топ*

— Экологиялық қауіп-қатерлер туралы  
ғаламтор материалдарын талқылайды;  
— экологиялық шығынның адам өміріне  
қаншалықты зардап әкелетініне қарай  
бағалайды.

*2-топ*

*Табиғи қауіп-қатерлердің зардабы  
туралы мәліметтерді талқылайды;*

*Табиғи қауіп-қатерді тигізетін  
шығына сәйкес бағалайды.*

*3-топ*

*-Техногендік қауіп-қатерлер туралы берілген  
ақпаратты зерделейді;*

*— техногендік қауіп-қатердің адам өміріне  
қаншалықты зиян әкелетіндігін сараптап,  
бағалайды*

ӨЖ. ҚБ тапсырмасы: «Кім жылдам»  
әдісі



**Дескрипторлары:**

— Сурет бойынша табиғи ортадағы қауіп-  
қатерлерді анықтайды

*-сол қауіп-қатерлердің қаншалықты зиян екенін бағалай отырып әңгімелейді.*

**ҚБ.** «Бағдаршам» әдісі өзін-өзі бағалайды.

*Қызыл түс-* табиғаттағы кездесетін қауіп-қатерді анықтауда қиналдым, олардың зардабы бойынша бағалай алмадым.

*Сары түс-* табиғаттағы кездесетін қауіп-қатерді анықтадым, олардың зардабы бойынша бағалай алмадым.

*Жасыл түс-* табиғаттағы кездесетін қауіп-қатерді анықтадым, олардың зардабы бойынша бағалай алдым.

**Сергіту сәті:**

Балалар шеңбер бойына тұрады.

Су дегенде қолдарын алдына созады.

Ауа деген кезде қолдарын жоғары көтереді.

От десе, екі қолын айналдырады.

Жер десе, қолдарын түсіреді.

БК-2. Өзінің табиғи ортадағы

қауіпсіздігін

жоспарлайды, қорғанудың ережесін

кұрастырады

ЖЖ. «Зерттеу, бақылау» әдісі

(табиғи ортадағы қауіпсіздігін

жоспарлату үшін)

**Дескрипторы:**

*- қауіп-қатерден сақтану ережелерімен танысады*

*-үйренген ережені басқа оқушыларға түсіндіреді*

ЖЖ. «Иә» не «жоқ» әдісі (табиғи ортадағы қауіпсіздігін жоспарлаудың дұрыс не бұрыс екендігін анықтау мақсатында)

1. Жер сілкіну техногендік қауіп-қатерге жатады.

2. Зауыттардан қалдықтардың бөлінуі табиғи қауіп-қатер боп саналады.

3. Адамның іс-әрекетінен су тасқыны пайда болады

4. Найзағай ұрғанда металл заттардың жанында тұрма!

	<p><b>Дескрипторы:</b>  -тұжырымдарды оқиды;  — дұрыс жауапқа «+» таңбасын қояды;  — бұрыс жауапқа «-» таңбасын қояды  Тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екендігін ажыратуда көмек қажет ететін жұптарға сұрақтар қойып, қауіп-қатерлердің ережелерін қайталатамын.  ӨЖ. ҚБ тапсырмасы «Стоп кадр» әдісі  (Өзінің табиғи ортадағы қауіпсіздігін жоспарлап, қорғанудың ережесін құрастыру мақсатында)  Дескрипторы:  — Су тасқынының болу себебін анықтайды;  — табиғи ортада су тасқыны кезіндегі қауіпсіздікті жоспарлап айтады  — су тасқыны кезінде өзінің қорғану ережелерін құрастырады  <b>ҚБ «Менің көңіл күйім» әдісі</b></p>	
<b>Сабақтың соңы 3 мин</b>	<p>Рефлексия:  «Аяқталмаған сөйлем» әдісі.  - Бүгінгі сабақта мен...түсіндім, ... білдім, ... көзімді жеткіздім.  - Бүгінгі сабақта қуантқаны ... .</p>	Таратпа қағаздар
<b>Саралау</b>	<b>Бағалау</b>	Денсаулық пен қауіпсіздік техникасының сақталуы
Топтық жұмыстың «Бірлескен жұмыс» әдісінде «Тапсырма бойынша саралау өткіземін. Оқушылардың қабылдау қабілетін ескере отырып топқа бөлемін. 1-топқа «Постер жасау» 2-топқа«Кесте	«Бағдаршам» әдісі «Менің көңіл-күйім» әдісі бойынша	Сергіту сәтін орындаған кезде шеңбер бойымен тұзу, кедергісіз тұру ескертілді. ТЖ кезінде планшет пайдаланды. Жұмыс барысында қауіпсіздік ережелері еске түсірілді.

<p>кұрастыру»  3-топқа  «Коллаж»  кұрастыру  әдістерін  пайдалануды  қарастырдым.  Жұптық жұмыс  кезінде «Зерттеу,  бақылау» әдісін  таңдадым.  Қарқыны  жылдам,  қолдауды аз  қажет ететін  оқушылар өрттен  қорғанудың  ережесін  кұрастырады.  Қарқыны баяу,  қолдауды көп  қажет ететін  оқушыларға су  тасқыны кезіндегі  қауіпсіздікті  жоспарлап, жеке  ережелер  кұрастыруда  сурет ұсынып,  ережелерді еске  түсіремін.  «Иә»немесе  «жоқ»әдісінде тұ  жырымдардың  дұрыс немесе  бұрыс екендігін  ажыратуда көмек  қажет ететін  жұптарға  сұрақтар қойып,  қауіп-қатерлердің  ережелерін  қайталатамын деп  жоспарладым.</p>		
---	--	--

Жалпы баға

1.Топпен жұмыс кезінде бірлескен жұмыс әдісі тиімді болды.

2.Жұптық жұмыс кезінде «Ия»немесе «жоқ» әдісі сәтті өтті.

1.Өзіндік жұмыста «Кім жылдам?» ойыны сабақтың жақсы өтуіне ықпал етті.

2.Сабақтың қызықты болуына ұжымдық жұмыстың «Серпілген доп» әдісі әсер етті.

*Алматы облысы Панфилов ауданы  
«Шежін орта мектебі» КММ  
Умашев Руслан Жакыпбаевич  
денешынықтыру пәнінің мұғалімі*

<b>Бөлім:</b> <b>1-тарау: Жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын дамыту және жетілдіру</b>	<b>Мектеп: «Шежін орта мектебі» КММ</b> <b>Панфилов ауданы</b>	
<b>Күні:</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні: Умашев Руслан Жакыпбаевич</b>	
<b>Сынып: 5</b>	<b>Қатысқандар саны:</b>	<b>Қатыспағандар саны:</b>
<b>Сабақ тақырыбы</b>	<b>Сабақтағы қауіпсіздік техникасы. Қысқа қашықтыққа жүгіру.</b>	
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	5.3.4.1 Денсаулықты нығайтуға бағытталған дене жаттығулары кезіндегі болуы мүмкін қауіп-қатерлерді анықтай білу.	
<b>Сабақ мақсаттары</b>	Денсаулықты нығайтуға бағытталған дене жаттығулары кезіндегі болуы мүмкін қауіп-қатерлерді анықтай біледі. Оқушылардың сабақ кезінде жылдамдық қасиеттері әртүрлі жаттығулар арқылы дамытылады.	
<b>Жетістік критерийлері</b>	Оқушылар спринт кезінде бір-біріне қарама-қарсы тұрып жүгіреді және 20, 40, 60 метр қашықтықта жылдам сөреге жету қажет.	
<b>Тілдік мақсаттар</b>	Оқушылар: өздерінің жеңіл атлетикадағы ерекше қимылдарын сипаттай, талқылай әрі көрсете алады.	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	Арнайы спорттық қозғалыс дағдылары мен қатысты қабілеттерді және негізгі қимыл қабілеттері мен қатысты қабілеттерді жетілдіру.	

<b>Пәнаралық байланыстар</b>	Қазақ тілі, физика, жасөспірімдер физиологиясы	
<b>АКТ қолдану дылары</b>	Фото және бейне материалдар	
<b>Бастапқы білім</b>	Оқушылар алдыңғы сыныптарда атлетика мен денсаулық тұжырымдамасы туралы білімдерді игерген	
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың басы	<p>Уақытты жоспарлау:  <b>Дайындық бөлім: 12-15 мин.</b>  Спортық киімдеріне назар аудару.  Сәлемдесу.  Жаңа сабақ түсіндіру, өтілу барысымен таныстыру.  <b>Қатардағы жаттығулар.</b>  Бұрылыстарды біркелкі орындау.  Аяқтың ұшын, өкшесін дұрыс пайдалану.  Жүрістегі жаттығулар.  Жаттығуларды біркелкі, дұрыс орындау.  <b>Жүрістегі жаттығулардан жүгірістегі жаттығуларға көшу.</b> Баяу жеңіл жүгіру. Арақашықтықты сақтау. Қол кеуденің алдында, аяқтың ұшымен жүгіру. Мұрынмен тыныс алу. Жүгірістегі жаттығулар. Бірте-бірте ақырындап жүріске көшу. Кең тыныс алу. Жүрісте үш лекпен бұрылып үш қатарға тұру.  <b>Әртүрлі жабдықтармен жалпы дамыту, жетілдіру жаттығулары</b></p>	<p>Жүгіру жолы немесе үлкен бос кеңістік.</p> <p>Ысқырық, секунд өлшегіш, конустар</p>
Сабақтың ортасы	<p>Қауіпсіздік техникасы бойынша жалпы талаптар.  <b>(ЖЖ, Тәж)</b> Оқушылар спринт кезінде қолдардың әрекетін жақсарту үшін жұптарда жұмыс</p>	<p>Ысқырық, секунд өлшегіш, конустар</p>

істейді. Бастапқыда оларға шағын, бірақ жылдам қадамдар жасап, қолдарын жылдам қимылдатып, 20 метр жүгіріп өту қажет. Содан кейін олар қолдарын кеңінен сермеп, ұзын, бірақ баяу қадамдар – аттаулар орындап 20 метр жүгіреді. Және соңында олар қолды жылдам қозғалысы мен шынтак 90 градусқа бұгулі болатын қолдар алға және артқа қимылдайтын үлкен/серіппелі қозғалыстар арасында 40 метр қашықтыққа жүгіріп, ортасын табуға тырысады.

**(ЖЖ, Тәж, Ф)** Оқушылар спринте жылдам сөреге жетумен жұмыс жасайды. Олап 60 метрден екі жүгіру жолағын сызады және жолдың ортасына конустар орналастырады. Бір-біріне қарама-қарсы тұрған оқушылармен жұптарда жұмыс істеп, олар кімнің жылдам жүгіріп жететіндігін көру үшін аралас жолдардағы орталық нүктеге қарай жүгіреді.

Оқушыларды сапқа тұрғызып, жаңа материалды теория жүзінде түсіндіріп, практика жүзінде көрсету.

1.Төменгі сөреден шығу техникасын үйрету. «Сөреге» деген бұйрық берілгенде сөре сызығына келіп бір, бір жарым қадам санап алып қолды сөре сызығының үстіне қойып итеретін аяқты алдығы ұшфна қойып итермейтін аяқтың тізесі итеретін аяқтың табанының орта тұсында тұрады, бас пен иық бір деңгейде, салмақ қолға түсіп тұрады.



«Дайындал» деген бұйрықта сәл көтеріліп алға қарап тұрады. «Жүгір» деген бұйрықта бар екіні мен аяқты жылдам қолды алға артқа сермеп 20 метрге максималды қарқын алғанша жиі-жиі басып жүгіреді.

«Сөреге» деген бұйрықта сөреге тұру. «Дайындал» деген бұйрықта көтерілу. «Жүгір» деген бұйрықта аяқ қолды тез тез қимылдатып 20 метрге дейін аяқты жиі жиі басып максималды қарқын алғанша сөйтіп жүгіріп, қалғанын барынша қарқынмен жүгіріп келіп мәре сызығын кесіп өту қажет. 100 метрге жүгірту.

### **Тапсырма**

Сыныптағы білім алушыларды төрт-төрттен, бес командаға бөліп, осы бес команданы эстафеталық таяқшамен 100 м арақашықтыққа жарыстыра жүгіртіңіз.

#### ***Назар аударылатыны:***

спортшылардың қауіпсіздік ережені сақтауы, әр қайсысы өз жолымен жүгіруі, таяқшаны түсіріп алмауы, бір-біріне кедергі жасамауы, жылдам жүгіруі.

#### **Дескриптор**

##### *Білім алушы*

- қауіпсіздік ережесін жұмыс барысында сақтайды;

-




Рис. 94. Передача эстафетной палочки

	мақсатқа жетуде командалық жұмыста көшбасшылық танытады; - тапсырманы мұқият әрі дұрыс орындайды.	
Сабақтың соңы	Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізіледі: Оқушалардан бұл жаттығуда қандай тәуекел бар екенін және оны қалай азайтуға болатынын сұрау. Оқушылар таңдаған тірек-қимыл дағдыларын бақылау.	


*Алматы облысы Ұйғыр ауданы  
«Рахат орта мектебі мектепке дейінгі  
шағын орталығымен» КММ  
бастауыш сынып мұғалімі*

<b>Пән:</b> Дүниетану <b>Орта мерзімді жоспар бөлімі:</b> <b><u>5-тарау «Өнер»</u></b> <b>Күні:</b> <b>Сынып:</b> 3 <sup>ә</sup> -сынып	<b>Мектеп:</b> «Рахат орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ <b>Мұғалімнің аты-жөні:</b> Байсеитова Г.Д. <b>Қатысқандар саны:</b> <b>Қатыспағандар саны:</b>
<b>Сабақ тақырыбы</b>	<b>Менің қауіпсіздігім</b>
<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	<b>3.1.4.1</b> тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсетеді; <b>Көптеген оқушылар:</b> тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелері туралы графикалық белгілерді суретке салады; <b>Кейбір оқушылар:</b> «Электр қуатын сақта» жадынамасын құрастырады және сол бойынша қорытындылар шығарады.
<b>Бағалау критерийлері</b>	Оқушылар: «Электр қуатын сақта» жадынамасын құрастырады және сол бойынша қорытындылар шығарады;
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<b><i>Оқушылар тұрмыстық құралдарды қолданғанда</i></b>

	<p><i>қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын талқылайды.</i></p> <p><b>Пәнге қатысты лексика мен терминология:</b>          Электр қуаты, тұрмыстық құралдар. Электр тогымен зақымдану қауіптілігі. Тұрмыстық құралдарды пайдаланудың графикалық белгілері          Диалогке/жазылымға қажетті тіркестер          Егер дұрыс қолдана білсе, электр күші адам өміріне зиянын тигізбейді. Тұрмыстық құралдарды қауіпсіз қолданудың ережелерін есіңде сақта! Талқыланатын мәселелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– қандай тұрмыстық құралдарды білесің?</li> <li>– электр құралдарының тұрмыстағы пайдасы қандай?</li> <li>– не үшін тұрмыстық құралдарды қолданғанда қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?</li> </ul> <p><b>Жазылым:</b>          Суреттерге және графикалық белгілерге қарап, тұрмыстық құралдарды қолданудың ережелерін дәптерге жазу.</p>	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.	
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	Жаратылыстану, әдебиеттік оқу пәні	
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу	
<b>Ресурстар</b>	Топқа бөлуге арналған парақшалар, интерактивті тақта, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі түсті қарындаш, стикер, видеоматериалдар., постер, кері байланыс парағы т.б	
<b>Бастапқы білім</b>	Күнделікті өмірде тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін біледі	
<b>Сабақтың барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b>	 <p><b>«Мен пікір білдіремін, сен пікір білдіресің» жаттығуы</b></p>	<b>«Мен пікір білдіремін, сен пікір білдіресің» жаттығуы</b>
	<b>«Мен пікір білдіремін, сен пікір</b>	


	<p><b>білдіресің» жаттығуы</b>  <b>Мақсаты:</b>өзінің бір нәрсеге көңілі толмау, ренжу, көңілі қалу сияқты жағымсыз сезімдерін толерантты түр де жеткізе білу;  қарым-қатынасты еркін жүргізуді үйрету.</p> <p><b>Көк маркерлер тобы:</b>  <b>Қызыл маркерлер тобы:</b>  <b>Жасыл маркерлер тобы:</b>  <b>Жұмыс ережесін келісу</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!</li> <li>• Уақытты үнемдейміз!</li> <li>• Нақты, дәл жауап береміз!</li> <li>• Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!</li> <li>• Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!</li> </ul> <p><b>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</b>  <b>«Жедел жауап» әдісі</b>  Сұрақтарға жауап беріндер:  – Бүгінгі сабағымызда не жайында айтатын боламыз деп ойлайсыңдар? (электр жайында)  – Электр күші мейірімді күш пе, мейірімсіз бе? Жауаптары:  – егер электр күшін дұрыс қолдана білсең, ол – мейірімді күш!  – электр қуаты – әлемдегі ең жақсы көмекші!  – электр тогы – қауіпті әрі қорқынышты жау!  Мұғалім: Дұрыс айтасыңдар, балалар! Бүгін біз электр күшін қалай дұрыс пайдалану керек және біздің қауіпсіздігіміз жайлы сөз ететін боламыз.  <b><u>ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.</u></b>  <b>Оқу мақсатын таныстыру</b></p>	<p><b>Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер.</b></p> <p>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p><b>«Жедел жауап» әдісі сұрақтары.</b></p>
--	--	--

	<b>Күтілетін нәтижені анықтау</b>	
<b>Сабақтың ортасы</b>	<p><b>Ширату тапсырмасы.</b>  Әр адам кез келген спорт түрлерімен шұғылдана ала ма?  Әлде ол үшін ерекше бір қабілет қажет пе?</p> <p><b>Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда)</b>  Оқулықтағы иллюстрациямен жұмыс жасаймыз. Суреттерге қарап шығындар. Электр қуатымен жұмыс істейтін тұрмыстық құралдарды атаңдар. Олар қандай қызметтер атқарады? Бұл құралдарға тән ұқсастықтар қандай?</p> <p>Оқулықтағы бірінші азат жолдан бастап аяғына дейін оқу. Электр құралдарының атауларын жазыңдар.</p> <p>Мұғалім: Электрмен, электр құралдарымен байланысты болатын қауіптер тек қана сыртта жүргенде, көшеде болмайды, ондай қауіптер үйде де, пәтерде де болуы мүмкін. «Үкі тәтейдің сабақтары.  «Қауіпсіздік сабағы» циклынан «Электр құралдарын қауіпсіз қолданудың ережелері» мультфильмін көру.</p> <p><b><u>Дескриптор:</u></b>  - «Электр қуатын сақта» жадынамасын құрастырады  - сол бойынша қорытындылар шығарады;</p> <p><b>Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</b>  <b>(Т)</b> Оқушылар топта жұмыс істей отырып, оқулықтағы тапсырмаларды орындайды.</p> <p>1- топ  Электр құралдарын қолданудың ережелерін оқиды. Ережелерге графикалық белгілердің суретін салады.</p> <p>2-топ</p>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары.</p> <p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>


	<p>Оқулықтағы белгілерге қарап, электр құралдарын қолданудың ережелерін құрастырады.</p> <p>3-топ</p> <p>Шеңбердің ішіне электр құралдарын қолдануға қатысты графикалық белгілердің суретін ойдан салады. Оларға ережелер құрастырады.</p>	
<p><b>Сергіту сәті</b> <b>«Сәлеметсің бе!»</b></p>	<p>Оқушылар кезек-кезек көршісінің аттас саусақтарына қолын тигізеді. Бас бармақтан бастайды:</p> <p>Мен саған тілеймін (бас бармағын тигізеді);</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Табыс (сұқ саусақ);</li> <li>- Үлкен (ортаңғы);</li> <li>- Барлығында (атаусыз);</li> <li>- Барлық жерде (шынашақ);</li> <li>- Сәлеметсің бе! (алақанын тигізеді).</li> </ul>	<p>Оқушылар сергіту сәтін жасайды.</p>
